



ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ЗАҢГЕРІ



Салық Зимановтың туғанына 100 жыл

Отандық заң ғылымының дамуына үлес қосқан Салық Зимановтың туғанына биыл 100 жыл. Академиктің құқықтық құрылымдардың өркендеуіне тигізген ықпалы өлшеусіз. Бүгінде заң, құқықтық құрылымдарда жемісті еңбек етіп жүрген мамандардың көпшілігі Зимановтың тәлімін алған, академиктің алдынан өткен шәкірттер. Артына өлмейтін із қалдырған заңғар заңгердің отандық заң шығару жұмысындағы қолтаңбасы да мәнмұндалап тұр. Соның ішінде тәуелсіздік алған кездегі алғашқы құжаттарды әзірлеу ісіне Зиманов белсене қатысты. Егемендікке жасалған басты қадам 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Мемлекеттің егемендігі туралы» декларациясынан бастау алғаны белгілі. Ал осы тағдыршешті жобаны дайындаған депутаттық комиссияның басшысы да Зиманов болатын.

Ғалым «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңын қабылдау жұмысына да белсене қатысқан. Бұл тарихи құжатты қабылдауда Зиманов заңгер депутат ретінде зор үлес қосты. 1993 жылғы алғашқы Қазақстан Конституциясын әзірлеген жұмыс тобында болып, парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуына қызмет етті.

Салық Зимановтың өмір жолы нағыз зиялылықтың, ізденімпаздық пен отаншылдықтың өнегесі іспеттес. Ол барлық биікке өз еңбегімен, өз талпынысымен жеткен қайраткер.

(Соңы 2-бетте)



ЖАРТЫ МИЛЛИОН ТҰРҒЫН ЖҰМЫССЫЗ

2-бет



ШЫМБҰЛАҚТА БАҒА ШАРЫҚТАП ТҰР

3-бет



ЕШКІМГЕ БҰЙЫРМАҒАН ДОЛЛАР

8-бет

СҰХБАТ



Назгүл БАЙТУМАНОВА,
«Отбасы банкінің» қаржы кеңесшісі:

«ҚОРДАҒЫ ҚАРАЖАТТЫ ЕМГЕ ЖҰМСАУДЫҢ ТЕТІГІ АЙҚЫНДАЛМАҒАН»

– Назгүл Қуанышпайқызы, зейнетақы жинағын кімдер мерзімінен бұрын ала алады?

– Ең бірінші, зейнетақы қорында жиналған қаражаттың негізгі мақсаты – азаматтарды зейнет жасына жеткен кезде қаржымен қамтамасыз ету. Сол себепті, зейнетақы қорындағы жинақты түгелімен алуға болмайды. Қаржының бір бөлігі міндетті түрде қорда қалуы тиіс.

(Соңы 5-бетте)

МЕЖЕ

ӘЛІПБИДІҢ ЖЕТІЛДІРІЛГЕН НҰСҚАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ БҰЛ ОТЫРЫСЫН БҮКІЛ ЕЛ АСЫҒА КҮТКЕН БОЛАТЫН. СЕБЕБІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ МӘСЕЛЕСІН ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ АЛҒАШ РЕТ 2006 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНДА КӨТЕРІП, «ҚАЗАҚСТАН–2050» СТРАТЕГИЯСЫНДА ДА ҚОЗҒАҒАН. АЛ 2018 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖОЛДАУЫНДА 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ НАҚТЫ КЕСТЕСІН ЖАСАУҒА ТАПСЫРМА БЕРІП, 19 АҚПАҢДАҒЫ №637 ЖАРЛЫҒЫМЕН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН БЕКІТКЕН БОЛАТЫН.

Алайда әліпбидің бұл нұсқасы қоғамда қызу пікірталас тудырды. Алматыдағы А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты мамандары тарапынан да қатты сынға алынған әліпбиге қарсылар қолдаушыларға қарағанда көп болды. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшылығына келген соң 2019 жылғы 21 қазанда бұл әліпбиді жетілдіруге тапсырма берді. Соның нәтижесінде жасалған әліпбидің 40-тан астам нұсқасы,

сондай-ақ қазақ тілінің емле ережелерінің жобалары мен пернетақтадағы әріптердің орналасу тәртібі қаралатын ұлттық комиссияның отырысын жұрт 2020 жылы болады деп үміттенген. «Ештен кеш жақсы» дегендей, Үкімет басшысы Асқар Мамин төрағалық еткен бұл жиында мақұлданған жоба жұртшылықтың көңілінен шығады деген үміт бар. «Латын әліпбиі базалық жүйесі таңбаларынан құралған жетілдірілген

әліпбиде қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған және әріп саны – 31 болып отыр. Ә (ä), ө (ö), ү (ü), ұ (ü) және ғ (g), ш (sh) әріптері диакритикалық таңбалармен берілген әліпбиде халықаралық тәжірибеде қолданыста бар умляут (¨), макрон (¯), седиль ('), бревис (ˇ) диакритикалық таңбалары қолданылған. Ол қазақ тілінің жазу дәстүрінде орныққан «бір дыбыс – бір әріп» принципіне толық сәйкес келеді» дейді отырысқа қатысушылар. Енді халық арасында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырған А. Мамин: «Жетілдірілген әліпби нұсқасы қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп, оның заманауи үрдістерге сай жаңғыруына ықпал етеді. Алдағы уақытта қазақ тілін латын графикалы әліпбиге кезең-кезеңімен көшіру бағытында қарқынды жұмыс жүргізу керек», – деді. Жаңа әліпбиге көшу 2023–2031 жылдар аралығында жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр.

(Соңы 3-бетте)

ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘЛІПБИ ЕЛДІ ТІЛДІК ТҰРҒЫДАН БІРІКТІРЕ АЛА МА?

Оразгүл АСАНҒАЗЫ, ҚР Парламент Мәжілісінің V шақырылымының депутаты:

– Жұрттың бәріне бір әліпбидің жағуы мүмкін емес. Онсыз да ол өте көп талқыланды. Президенттің алдынан бір емес, үш рет қайтты. Сондықтан толғауы жетті, көш жүре түзеледі дейді ғой. Бұл нұсқа өзіме ұнайды. Мысалы, мен латын графикасындағы әліпбиді насихаттап, Атырау, БҚО, Ақмола, Қарағанды сияқты бірнеше облыстың барлық елді мекенін араладым. Сонда жұрттың айтқан ұсыныстары да әліпбиге енген. Ол елді міндетті түрде біріктіре алады. Бұл – біздің төл әліпбіміз. Бұл жерде жаңа әріптер жоқ. 80 пайызы мектеп қабырғасынан бәрімізге таныс.

Латын графикасындағы әліпби қазақ үшін жаңалық емес. Елбасының латын графикасындағы қазақ әліпбиін енгізу мәселесін қозғаған кездегі мақсаты да баршаға аян болды. Алайда мамандардың емес, жалпы халықтың талқылауына түскен жобаның бірнеше нұсқасы Мемлекет басшысының алдынан қайтты. 2019 жылы бекітілгенімен, жұртшылықтан қолдау таппай, арада 2 жыл өткенде қайта жетілдірілген нұсқа да алдыңғыларының көбін кимей ме деген оймен сарапшылар пікірін сұраған еді.

Ерден ҚАЖЫБЕК, ҚР ҰҒА Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы:

– Ғылым ақиқатқа сүйенетін болғандықтан, саяси шешімдерге бағынбайтын құбылыс екенін ескерген жөн. Саяси жолмен ұсынылған нұсқалардың бәрі дерлік тарих қойнауында қалып, керісінше, тапжылмай ұсынып келе жатқан жобамызға бүгінгі әліпбиде нұсқамыздың бірте-бірте жақындап келе жатқанына бәріміз куәміз. Нақтырақ айтсақ, соңғы нұсқаның 95%-ы дұрыс, 5%-ы бұрыс болып отыр. «Ештеңе емейді, аз ғана келіспейтін тұстары қалды ғой. Осыған көне салайық, енді. Көш жүре түзелер» деген уәждер айтылуы әбден мүмкін.

(Соңы 4-бетте)

ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ЗАҢГЕРІ

Салық Зимановтың туғанына 100 жыл

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өндірдей жас кезінде Ұлы Отан соғысына қатысып, «І дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған Зимановтың есімі батырлар арасынан да ойып тұрып орын алғаны ақиқат. Оқ пен оттың ортасында жүріп шыныққан, сыналған батыр ағамыз майдан даласынан полковник дәрежесін алып оралған санаулылардың бірі.

Салық Зимановтың ғылымға деген құштарлығын соғыс та тежей алған жоқ. Үздіксіз ізденісінің арқасында ғалым 1961 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғады. Кеңес одағы тұсында өзін мойындатқан, мойындалған санаулы академиктің бірі атанды. Өмірінің соңына дейін 30-дан астам ғылым докторы мен кандидатын дайындап, мыңдаған шәкіртін заң, құқық саласының білгір маманы еткен академиктің еңбегі ешқашан ескерусіз қалмауы керек. Оны былтырғы жылы бір топ Парламент депутатының айтқан ұсынысынан аңғаруға болады. Үлкен мінберде сөйлеген сөзінде Мұх-

тар Құл-Мұхаммед «Салық Зиманов десе, ең алдымен, еліміздің егемендігі еске түседі. Өйткені, Зиманов өмірінің соңына дейін еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиғалардың бәріне дерлік абыз ақсақал ретінде белсене араласты. Сенат пен Мәжіліс төрағалары, Премьер-Министр және республикалық құқықтық орган басшыларына ұдайы өзінің толымды ұсыныс, тағылымды пікірлерін жолдап отырды. Елбасының саяси-құқықтық реформаларына үнемі қолдау көрсетті», – дей келе академиктің ғасырлық мерейтойын лайықты деңгейде атап өту қажеттігін қаперге салған болатын. Үкіметке бірқатар ұсынысын жолдаған депутаттар Зимановты маңгілік ел есінде қалдыру мақсатында қаһарман ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция, таным-тағылымдық шаралар өткізу, есімін Атырау мен Алматы қалаларының көшелеріне және Нұр-Сұлтан қаласындағы жаңадан салынған мектептердің біріне беру, туған жерінде



еңселі ескерткішін орнату мәселесін қарастыруды сұраған еді. Бұл ұсыныстар биылғы жылы өз шешімін табырына сенімдіміз.

Ұстазды ұлықтау ісінен шәкірттері де шет қалып жатқан жоқ. Соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің деканы Дәулет Байдилиннің атсалысуымен Ұлттық кітапханадағы диссертация бөліміне академик Салық Зимановтың есімі берілді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Есберген Алауханов, «Қазақстанның ғылыми мен өмірі» халықаралық ғылыми журналының бір санын ұстазына арнады.

Сонымен бірге жақында Заңнама және құқықтық ақпарат институты Әділет министрлігімен бірлесіп Зимановтың 100 жылдығына арналған «Академик С.Зиманов: өнегелі өмірі және ғылыми жетістіктері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны онлайн өткізді. Іс-шараға

Парламент депутаттары, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың және басқа мемлекеттік органдардың, отандық және шетелдік білім беру және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысып, сөз сөйледі. Отандық заң ғылымының өкілдері, академик С.Зимановтың серіктестері мен шәкірттері құқықтық ғылымды қалыптастыру мен дамытудағы, Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық жүйесін жетілдірудегі оның идеяларын атап өтті.

Маңызды жиынға Ресей Үкіметі жанындағы заңнама және салыстырмалы құқықтану институтының Жария-құқықтық зерттеулер орталығы менгерушісінің орынбасары Ю.Тихомиров, Новосибирск мемлекеттік экономика және басқару университетінің ғылыми жұмыс және қосымша білім беру бойынша проректоры А.Макаров, сондай-ақ Беларусь ғылымының өкілдері В.Шаршун, С.Калинин қатысып, Қазақстан мемлекетінің заң білімі

мен ғылымын дамытудағы С.Зимановтың баға жетпес еңбегіне қатысты тұщымды ойларын ортаға салды.

Осы жиында Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов та сөз алып, академиктің сот, құқық қорғау саласын ілгерілетудегі еңбегіне тоқталды. Зимановтың көп шәкіртінің бірі болған Жақып Қажыманұлы: «Талантты педагог, сұңғыла ғалым сабаққа қызығушылықпен қатар, таңдаған мамандыққа деген құрметімізді арттырып, бойымызға ұлтжандылық рухын сіңіретін» дей келе ұстазының жақсы қасиеттеріне арнайы тоқталды. Бұған қоса, Салық Зиманұлының Қазақстан заң ғылымының негізін қалаушылардың бірі, қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы, қазақстандық алғашқы академик-заңгер ретінде тарихта қалатынын айтқанын Жақып Асанов сөзінің соңын: «Оның есімі Тәуелсіздік шежіресіне алтын әріптермен жазылды. Академиктің жарты миллионға жуық ғылыми мұрасы бүгінгі және келешек ұрпақ үшін өте құнды дүние. «Ағаш тамырымен мықты» дейді халқымыз. Тарихымыз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз – ұлттық кодымыздың негізі. Зиманов пен оның шәкірттері бізге осы ұлттық кодтан бастау алатын билер сотының маңызын ашып берді. Турашыл билер дауларды қарауда ақиқат пен әділдікті басшылыққа алды», – деп сөзін қорытты.

Салық Зимановтың мұрасы әлі талай ұрпақты тәрбиелеп, әлі талай қажетімізге жарары ақиқат. Сондықтан халыққа ортақ ұл болған арда азаматтың атын есте қалдыру, еңбегін жаңғырту істері елеусіз қалмауы керек.

Нұрлан ШЫНТАЕВ

КӨКЕЙКЕСТІ

Өткен жылдың II тоқсанында елдегі жұмыссыздар саны 454 мың адамды құраған. Бұл арғы жылмен салыстырғанда екі қолға бір күрек таппағандардың 3 есеге өскенін аңғартады. Әсіресе, адам саны өсіп жатқан Алматы мен Түркістан облыстары мен Алматы қаласында жұмыссыздар қатары артып келеді. Алматыда қазіргі күні 70 мыңға жуық адам жұмыссыз жүрсе, Алматы облысында – 50 мың, Түркістан облысында – 43 мың адам жұмыссыз.

Жұмыс істемейтіндердің күрт өсуіне себеп жетерлік. Бұрыннан әр есікті қағып, табанынан таусылғандарға жыл сайын кәсіпкерлігін дөңгелете алмағандар, штаттың қысқартылуына, ұйымның таратылуына және банкроттығына немесе шарт мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан шығарылғандар да қосылады. Оның үстіне ішкі көші-қон да жұмыссыздық проблемасын өршіткен. Бұдан бөлек, жыл сайын жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар да жұмыссыздардың қатарын толтырып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі жастардың шамамен 40 пайызы оқуын тәмамдаған соң жұмысқа орналасу проблемасына тап болатынын айтады. Сондай-ақ, жұмыс іздеушілердің шамадан тыс амбициясы да елдегі жұмыссыздықтың өршуіне себеп болып отыр. Өйткені, кеше ғана қолына диплом алған жас маман кәсіби немесе мансаптық дамуды ойлап, жоғары лауазымға орналасқысы келеді. Кейде жұмыс берушілер мен мемлекеттік мекемелердің өздері оқуын енді ғана тәмамдаған жас маманнан кәсіби тәжірибе сұрайды. Оның үстіне, жастардың көпшілігі жоғары оқу орындарында теориялық біліммен шектеледі. Ал зейнеткерлік жас

алдындағы азаматтар да еңбек нарығындағы халықтың неғұрлым осал санатына жататындықтан, көптеген жұмыс берушілер олардың қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті емес екенін айтады. Өйткені, олардың технология тілін меңгеруі қиын болса, жасы мен денсаулығы да жұмыс қабілеттілігіне әсер етеді екен. Екіншіден, 40 жастан асқан азаматтар еңбек құқығы туралы жақсы біледі. Сол себептен де компаниялар, фирмалар, ұйымдар, жалдау агенттіктері неғұрлым сауатты және талапшыл қызметкерлерді қабылдай бермейді.

Бір қызығы, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың басым бөлігі мемлекет берген мүмкіндікті пайдалануға құлықсыз. Айтуларыңша, жұмыспен қамту орталықтарына барғаннан гөрі, ғаламтор мен таныстары арқылы жұмыс іздеген әлдеқайда дұрыс шешім. Өзін Мұрат деп таныстырған алматылық азамат Отан алдындағы міндетін атқарып, жоғары оқу орнын «инженер-механик» мамандығы бойынша тәмамдаған. Алайда оқу бітірген 15 жылда дипломын сандықтан шығармапты. «Жұмыс іздеп бармаған жерім, баспаған тауым қалмады десем болады. Мамандығым сәйкес келеді-ау деген барлық есікті

қағып шықтым. Теміржол вокзалдарына түйіндемеді сан рет апарып, жаңадан ашылғанда тастроға да мың рет бас сұқтым. «Өзіміз хабарласамыз» дейді де, есіктен шыққан соң, түйіндемеді екі бүктеп қоқыс жәшігіне тастай салғандарды да көрдім. Кейін сол жерлерге жап-жас мамандарды алғанын естідім. Жұмыспен қамту орталықтарына да жүз рет кірдім. Жіберген жерлеріне барсаң, бақыр да жоқ. Енді біреулері 40 мың жалақы ұсынады. Ондай жалақы жол жүру ақысымен-ақ кетеді. Сонда үйде бала күтімімен отырған әйелім мен балаларымды қалай асыраймын? «Қатырып жатырмыз» дейтін орталықтарға осыдан кейін баруға зауым соқпай қалды», – дейді Мұрат. Ал Қанат есімді студент «Болашақта не істеймін? Көлік құрастыру және жасау мамандығын алуда-

мын. Елімізде бұл сала бойынша жұмыс жасамақ түгілі, тәжірибе алатын өндіріс орны жоқ десе болады» дегенді айтып қынжылыс білдіреді

Алматыда былтыр Жұмыспен қамту орталығына 76 082 адам жүгінген. Қазір қаладағы сұранысқа ие мамандықтарға – аспаз, тәрбиеші, даяшы, тігінші, косалқы жұмысшы, тас қалаушы, сырлаушы мен күзетшілер кіреді. Өткен жылы орталық 23 162 адамды тұрақты жұмысқа орналастырған. 10 958 ізденуші «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша жұмысқа тұрса, 18 649 адам уақытша жұмысқа кірген. Оның ішінде әлеуметтік жұмысқа 1185, қоғамдық жұмыстарға 15 961 және жастар тәжірибесіне 1503 адам орналасыпты. «Еңбек» бағдарламасы бойынша 1005 адам кәсіптік оқудан өтсе,

бизнес-идеяларды іске асыруға 1705 грант берілген.

Есепке сенсек, елдегі жұмыссыздарға мүмкіндік көп секілді, әрине. Дегенмен біздегі мемлекеттік бағдарламалардың бағыты дұрыс болғанымен, іске асуына келгенде кемшілігі көп болатыны бар. Енді міне, Еңбек ресурстарын дамыту орталығы биыл жұмыссыздықтың мүмкін болатын деңгейін болжап, бірталай мамандықтарға тықыр таянатынын хабарлады. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шаралар еңсе, біліктілігі төмен 162,5 мың адам жұмыссыз қалуы мүмкін. Ұйымның берген ақпаратынша, электрондық еңбек біржасында былтыр желтоқсанда 13 мың түйіндеме мен 36,2 мың ашық бос жұмыс орны тіркелген. Бірақ статистикаға сүйенсек, жұмыссыздар жыл санап

азайып, жалақымыз күн сайын өсетін секілді. Қазақстандықтардың орташа айлық жалақысы 200 мыңнан асып, өткен жылмен салыстырғанда 16 пайызға артқан. Ал мұнайлы өлкенің тұрғындары мен елордалықтардың алатын орташа жалақысы 300 мыңнан асып жығылған. Үш жүз мыңды өңіміз түгілі түсімізде алып көрмеген біздер таңдай қақтық. Ол ол ма, өткен жылы Мемлекет басшысы сөз еткен саны бар сапасы жоқ жауапты хатшылардың орташа айлығы 800 мың екенін естігенде есеңгіреп қалдық.

Ай сайын 70 мыңға жуық қазақстандық жұмыспен қамту орталықтарын жағалап жүргенде жауапты хатшылардың миллиондап жалақы алуы қоғамдағы әділетсіздікті ғана емес, қылмыстың өсуіне де тікелей әсер етеді. Өйткені, ұрлық-қарлық, алаяқтық пен қарақшылықты жасайтындардың дені дәл осы тұрақты жұмысы жоқтар. Оның үстіне күндік жұмысқа жегілетіндер жылдар бойы құлдықтың қамытын киіп, жас өмірін қорлықта өткізіп жүргенін де естіп қаламыз. Жұрт жаппай жұмыссыз жүргенде бір адамның тірлігін бірнеше қызметкерге бөліп бәленбай жалақы төлеудің өзі тұрмыс тауқыметін тартып жүргендердің жүрегіне салмақ, қылмысты күнкөріс көзіне айналдырып алмаса дейсің...

Жадыра МҮСІПМ



ТАЛАП ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ

Маңғыстау облыстық сотында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның көріністерін болдырмау, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдардың талаптарын тәжірибе мақсатында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында бейнеконференц байланыс арқылы семинар өткізілді.

Іс-шараға Соттар өкімшісі басшысының міндетін атқарушы А.Калпаков, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті преевенция және парасаттылық басқармасының басшысы Қ.Байғебаев, бөлім басшылары, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің қызметкерлері, аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңсе меңгерушілері қатысты.

Семинарда А.Калпаков Жоғарғы Сот қызметінің басым бағыттарының бірі сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталатынын, жемқорлық әрекетіне жол бергендерге жаза қатаңдағанын, кесеп бір адамға емес, бүкіл қоғамға қауіпті екенін жеткізді.

Іс-шарада «парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандарт түсіндіріліп, Әдеп кодексінің нормалары, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын талаптарды сақтау жөнінде өзекті мәліметтер назарға алынды. Семинар соңында А.Калпаков қатысушыларды ардан аттамай, қоғамның жарқын болашағы үшін жұмыла қызмет істеуге шақырды.

Іс-шара соңы қатысушылар мониторинг жүргізу, мемлекеттік қызметкерлерге көрсетілетін қолдау және жалақы бойынша пікір алмасты.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

МЕЖЕ

ТҮЙТКІЛ

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ							
№	латынша	кирилша	әріптің атауы	№	латынша	кирилша	әріптің атауы
1	Aa	Аа	а	18	Oo	Оо	о
2	Ää	Әә	ә	19	Öö	Өө	ө
3	Bb	Бб	б	20	Pp	Пп	п
4	Dd	Дд	д	21	Qq	Ққ	қ
5	Ee	Ее	е	22	Rr	Рр	р
6	Ff	Фф	ф	23	Ss	Сс	с
7	Gg	Гг	г	24	Şş	Шш	ш
8	Gg	Гг	г	25	Tt	Тт	т
9	Hh	Хх, Hh	Һһ	26	Uu	Уу	у
10	Ii	Йй, Ii	Ии	27	Üü	Үү	ү
11	Jj	Жж	ж	28	Üü	Үү	ү
12	Kk	Кк	к	29	Vv	Вв	в
13	Ll	Лл	л	30	Yy	Үү	ү
14	Mm	Мм	м	31	Zz	Зз	з
15	Nn	Нн	н				
16	Dğ	Ғғ	ғ				

*С, X, W табырқы әріптің транслитерация жасау ережеліне сәйкес жазылады.

ӘЛІПБИДІҢ ЖЕТІЛДІРІЛГЕН НҰСҚАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

◀ (Соңы. Басы 1-бетте)

«Халық қаласа, хан түйесін сояды»

Жаңа әліпбиге қатысты бұл шешімді ана тілінің тағдырына бейжай қарай алмайтын ұлт патриоттарының жеңісі деуге де болатын шығар. Оны әлеуметтік желіде бұл жаңалықты бөлісіп, оған өз пікірін қалдырғандардың жазбаларынан айқын аңғаруға болады. Мәселен, саясаттанушы Мұхтар Сенгірбай: «Әліпбидің алғашқы үш нұсқасы да ғылымға түк қатысы жоқ, билік асығыс қабылдай салған дүмбілез нұсқа болатын. Өкінішке қарай, жұрттың күлкісін, ашу-ызасын туғызған бұл нұсқалар тарихи шешімге көлеңке түсіріп, жобаның мән-мағынасын түсінбейтіндерді шошытып тастады. Кеше шыққан әліпбидің жаңа нұсқасын ғалымдардың ой елегінен өткен, көптің көңілінен шығатын, ыңғайлы да ықшам нұсқа деуге болады. Бұл ғалымдар ізденісінің, зерттеу-зерделеуінің нәтижесі деп ойлаймын. Тіл білімі институты бас болып, кем-кетігін әлі де түзете жатар. Әліпби бойынша саясатқа бағынбаған, алғашқы ғылыми шешім құтты болсын» деп жазды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса: «Осыдан 8 жыл бұрын, 2013 жылы 19 ақпанда, «Қазақ үні» газетінде «Латын әліпбиіне көшуге қарсылық – ұлт мүддесіне қарсылық!» атты мақаламызда жазғанымыздай, кирилл құрсауынан шығып, латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне өту – кезіндегі рубль аймағынан шығып, төл теңгемізді қабылдағандай маңызды. Рухани тәуелсіздіктің бастауы болатыны анық. Ұлттық рухани деколонизация латын әліпбиіне көшу әрекетімен басталауда. Енді әрқайсымыз жаңа әліпбидің артықшылығын жалпы халыққа таныстыратын ақпараттық-насихаттық жұмысқа өз үлесімізді қосуымыз қажет», – дегенді айтты.

Жаңа әліпби жазу мен тілді біріздендіруге тиіс

Сак, түркі дәуірлеріндегі руникалық жазуымызды ұмытқан соң, төл тарихымызды өзіміз емес, өзгелерге жаздыртып, соған сенуге мәжбүр болғанымыз бізге әліпбидегі, жазудағы, тілдегі бірегейліктің маңызын сезіндірді. Жазу мәдениетін Қытай 7 мың, Иран 5 мың жыл бойы сақтауының арқасында тарихын ешкімге жалтақтамай, өзі жазып шықты. Ал біз әлі күнге дейін тарихымызға қатысты жазбаларды іздеп, Азия мен Еуропа елдерін былай қойғанда, алыстағы Америка құрлықтарын шарлауға мәжбүр боп жүрміз. Мұның бір себебі осы жазу мәдениетін орнықтыра алмағанымыздан деуге болады. Сондықтан тарихты хатқа түсіруде ғана емес, елді ұйытып, халықты біріктірудегі мемлекеттік тілдің маңызы мен орнын жоғары бағалағандықтан, жаңа әліпбидің қолданыс аясын кеңейтіп, қазақ тілінің мәртебесін өсірудегі үлкен жұмысқа азаматтық қоғамды жұмылдыру – уақыт талабы. Енді латын графикасындағы әліпби тек қазақ тіліне ғана қатысты деп, ортақ істен басын ала қашатындарға жауапкершілікті қоғамның барлық саласы үшін заңмен бекітіп, оның жүзеге асуын бақылауға алу қазіргі заң шығарушы және атқарушы билік органдарына сын болуға тиіс.

Осындайда ӘЙГІЛІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ӘЛИ-ХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ «ӨЗ КҮШІНЕ СЕНБЕГЕН АДАМ ДА, ХАЛЫҚ ТА ЕШҚАШАН ӨМІР БӘЙ-ГЕСІН АЛА АЛМАЙДЫ» ДЕГЕН СӨЗІ ЕРІКСІЗ ЕСКЕ ТҮСЕДІ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ШЫМБҰЛАҚТА БАҒА ШАРЫҚТАП ТҰР

ШЫМБҰЛАҚ – АЛМАТЫНЫҢ ШҰРАЙЛЫ МЕКЕНДЕРІНІҢ БІРІ. БІРАҚ, ҚАРАПАЙЫМ ҚАЛА ХАЛҚЫ СҰЛУ ТАБИҒАТЫМЕН, ТАЗА АУАСЫМЕН КӨЗ ТАРТАТЫН ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БАҒАНЫҢ ШАРЫҚТАП КЕТКЕНІНЕ ШАҒЫМДАНАДЫ. ОСЫ РЕТТЕ ЖАҚЫН ДА БОЛСА АЛЫС, ӨЗІНІКІ БОЛСА ДА, ҚОЛЖЕТІМСІЗ ТАУЛЫ ҚЫРАТТАҒЫ ДЕМАЛЫС БАҒА-СЫН БІЗ ДЕ БІР ШОЛҒАН ЕДІК.

Мәселен, жаңа жылдың алдында Шым-бұлақ тау-шаңғы курортына баратын билет 1 900 теңгеге қымбаттады. Яғни демалыс күндері аспалы жолмен тауға шығып-түсу үшін бұрынғыдай 9 500 теңге емес, 11 400 теңге болды. Шымбұлақта зейнеткерлер, мүгедектер мен студенттер үшін жеңілдіктер болғанымен, ол сенбі-жексенбі күндері жарамсыз. Тіпті 25 желтоқсаннан бастап 10 қаңтарға дейінгі аралықта көпшіліктің нағыз мерекелік демалыс кезінде, демалуға уақыты бар кезеңінде мерекелік күндердің тарифымен жұмыс істеп, зейнеткерлер мен студенттерге, мүгедектерге арналған жеңілдіктер сақталмаған. Сондықтан бағасы көпшіліктің демалыс күндеріне лайықталмаған жерді халыққа, арналған деп қалай айта алады?!

Рас, билетті онлайн сатып алушыларға баға арзанырақ. 11 мен 23 жас аралығындағы жастар кассаға 5300 теңге төлесе, интернет арқылы 4505 теңге төлейді. Сенбі-жексенбі күндері 5 жастан асқан балаға кассадағы билет құны – 4800 теңге, интернетте – 4080 теңге. Бірақ шаңғыны жалға алудың құны бұған қосылмайды. Яғни тауға шыққан соң шаңғы тебемін десеңіз, қалтаңызға түсер салмақ ауырлай түседі. Карантиндік жағдайға орай соңғы кездері билет кассадан емес, тек онлайн сатылып жатыр екен. Яғни бір картадан үш билетке ғана ақша төленеді, аспалы жолға да бір жанұядан болсаңыз да, үш адамға ғана отыруға рұқсат. Тау-шаңғы курортының әкімшілігі қызмет құнының көтерілу себебін кассадағы билеттердің сатылымын азайтумен байланыстырады. Бірақ мамандар пікіріне сүйенсек, таза ауа, қысқы спорт, керемет табиғаттың пандемиялық жағдайда халықтың денсаулығын сақтауда, өкпені шыңдап, ағзаны шынықтыруда пайдасы зор екен. Ендеше тау-шаңғы курортын ұлт саулығын сауықтыруға неге пайдаланбасқа?!

Кенес АЛШЫНБАЕВ, терапевт, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Коронавирус індетінің, індет салдарынан күшейіп тұрған пневмонияның ең алдымен өкпені зақымдайтынын көріп отырмыз. Демек, осындай кезеңде, таза ауада көп серуендеу, дене шынықтырумен айналысудың маңызы зор. Жақында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балабақшаларда, мектептер мен колледждердегі дене шынықтыру мұғалімдерінің айлығына жаңа қосымша ақы тағайындалды. Бұдан былай дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің еңбекақысына ай сайын қосымша 17 697 теңге төленеді. Өз кезегінде пән мұғалімдері әдеттегі сабақтарынан бөлек, қосымша спорттық-сауықтыру сабақтарын, яғни секциялар өткізуге тиіс. Ал балабақшадан балалардың, мектептегі оқушылар мен колледж студенттерінің ағзасын шынықтыру үшін жасалып жатқан жұмыстар. Ал еліміздегі ересектер ше? Шыны қарек, қазір ересектер көп қозғала бермейді, спортпен де айналыспайды. Көптеген елдер қазір салауатты өмір салтын ұстану, спортпен достастыру мақсатында жұмыстар жүргізіп жатыр. Сондықтан бізге де халыққа «спорт – денсаулық кепілі» екенін көбірек насихаттап,



көпшілік жүзгіретін алаңқайлар салып, қала ішінде серуендейтін саябақтардың санын арттырып, тегін үйірмелерді көбейту қажет. Сондақ-ақ халықты спортпен достастырудың жолдарын қарастыру керек. Мәселен, қысқы спорт түрлерінде біздің еліміз әлсіздеу. Өйткені халық қысқы спорт түрлерімен айналыспайды. Ата-анасы айналыспаған соң, балаға да бұл спорт түрлері жат. Шымбұлаққа апта сайын баласын апарып тұруды кез келген тұрғынның қалтасы көтере бермейді. Қысқы спорт түрлері қымбат саналады. Сондықтан тұрғындар қыстық костюм, шаңғы, коньки, сноуборд құралдарын көбінесе жалға алады. Халықты спортпен достастырудың дәл қазір пайдасы зор дер едім.

Маман қысқы спорт түрімен айналысу халық денсаулығына пайдалы десе, тау-шаңғы курортының әкімшілігі: «Біз абонементтер мен билеттердің бағаларын өзгерттік. Бұл біздің қыңырлығымыз емес, мәжбүрлі қажеттілік. Демалыс орнына келушілерді 30% дейін төмендету міндеті тұр. Адамдардың көп жиналуын шектеу және демалушыларды коронавирус инфекциясынан сақтауымыз керек», – дейді «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының коммерциялық директоры Владислав Семенов. Бәлкім, мәселеге басқа тұрғыдан қарап, ара қашықты сақтап отырып, Шымбұлаққа кіру ақысын төмендетіп, халыққа денсаулығын шынықтыруға мүмкіндік беру керек шығар?!

Қысқы спорт түрі қымбат екені рас. 11400 теңге Шымбұлаққа тек кіру ақысы болса, шаңғы жолдау 3000 теңгеден басталады. Тау басында тамақтану құны да арзан емес. Бір адамға 5 000 теңге қажет. Су сіңбейтін арнайы киім мен қорғаныс көзілдірігіне кем дегенде 5 мың теңге төлейсіз. Нұсқаушының бір сабағы 8-10 мың теңге аралығында болса, маусымдық абонемент құны бір ересек адамға 290 мың теңге тұрады. Он жасқа дейінгі бала үшін оның құны 143 мың болса, он жастан асқан балаға 210 мың теңге. Сонда екі баласы бар жанұя үшін тауға шығып, шаңғы тебу құнын есептей беріңіз. Сондықтан қалтасы жұқалтаң халық Шымбұлақтың шыңына көтеріліп, жаяу серуендеп, суретке түскендеріне ғана мәз. Осы орайда айта кетер жайт, қысқы спорты өте жақсы дамыған Норвегияда халықтың жартысынан көбі тұрақты түрде спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстанады екен. Ол үшін елде барлық жағдай жасалған. Яғни, бұқаралық спортты дамыту арқылы олим-

пиада және әлем чемпиондарын дайындаудың жеңіл жолын тапқан. Норвегияның 30-40 мыңдық қалашықтарының басым бөлігі кем дегенде 200 шақырымдық велосипед жолы, 3 шаңғы жолы, халықаралық талаптарға сай стадион және өзге де спорт нысандарымен қамтылған. Осындайда бір кездері Елбасымыздың «2020 жылға қарай ел халқының кем дегенде 20 пайызын бұқаралық спортқа тарту туралы» берген тапсырмасы еске түседі. Алайда оны орындауға ниет те танытпаған сыңайлымыз. Өйткені 2020 түгілі, 2021 жылы да халықтың денсаулығын шынықтырып, бұқаралық спортты дамытуға аса көңіл бөлмегеніміз байқалады...

Ұлжалғас ЕСНАЗАРОВА, ҚР білім беру ісінің үздігі:

– Жалпы, ұлтымыз спортқа аса жақын емес. Шетелдіктер өзі тауымызды көру үшін арнайы келіп жатады. Ал алд-жалда тауға бара қалсаң табиғаттың рахатын көріп жүрген қазақтардан гөрі, өзге ұлт өкілдерін көп байқайсың. Қазіргі технология заманы жеткінішектеріміздің алтын уақытын алуда. Балалар бұрынғыдай далада асыр салып ойнамайды. Қала тұрқа, ауылға барғанымда, далада ойнап жүрген балаларды көрмедім. Интернет, гаджет, айфон, ұялы телефон, ноутбук және т.б. техникаға телміріп ойын ойнап, сурет салып, бейне-роликтерді айналырып, үйден шықпауды қазіргі жасөспірімдер әдетке айналдырған. Заманауи технология жастардың санасын ұлап, денсаулығына зиянын тигізуде. Осыдан барып жастар қысқы спорт тұрмақ, жүзгіре алмайтын дәрежеге жетті. Халықаралық деңгейде ел намысын қорғап жүрген спортшыларымызды сауақпен санап шығуға болады. Бұған дейін Жазғы Олимпиадалардан жүлдесіз қайтып көрмеген ұл-қыздарға АҚ Олимпиаданың шыңына шықпақ түгілі, қатысудың өзі мұң болып барады. Осы орайда шаңғы спорты, мәнерлеп сырғанау, шаңғымен тұғырдан секіру, конькимен жүгіру, биатлон сияқты спорт түрлерін елімізде дамытудың бірден-бір жолы бұқаралық спортты дамытып, спорттық мекендерді халықтың қалтасына сай ету дер едім. Кішкентайынан аяғына коньки іліп көрмеген бала қысқы спортпен қайдан айналыссын? Мейлі, туристер үшін баға сәл жоғары бола берсін, бірақ Шымбұлақ, Ойқарағай секілді тау-шаңғы курорттарындағы бағаларды бақылап, халық қалтасына сай ету керек.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘЛІПБИ ЕЛДІ ТІЛДІК ТҰРҒЫДАН БІРІКТІРЕ АЛА МА?



Оразгүл АСАНҒАЗЫ, ҚР Парламент Мәжілісінің V шақырылымының депутаты:

– Елбасы әліпбиді алғаш мақұлдаған кезде, қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін жасалып отырғанын айтты. «Мен қазақстандықпын, оның келешегін ойлаймын» деген адам баласын қазақ мектебіне ауыстыру керек қой. Егер шындықтың бетіне қарайтын болсақ, жастар қай тілдегі мектепте оқыса да, латын графикасындағы әріппен жазды.

Кезінде Ататүрік те бүкіл түркі баласы бір әріппен жазайық деп айтты. Дауласып жатқан 1-2 әріп уақыт өте жөнделер. 28 әріпті қысқартуға болар еді, сауатын әліппемен емес, букварьмен ашқандар әр әріпке жылғап отырып алды ғой. Билікте қазақтілді азаматтар отырғанда, баяғыда 28 әріпке 28 дыбыс болар еді. Ендігі талқылау көптік қылады. Әліпби талқылаудан кенде болған жоқ. Дыбыс деген бар, әріп деген бар. Кезінде бізде жоқ дыбыстарды да көмеккейімізге тықты ғой. Оны түсіну керек. 42 әріп пернетақтаға сыймай қалғандықтан, цифрдың астына тығып қойып, іздеп жүрдік көп уақыт бойы.

Ерден ҚАЖЫБЕК, ҚР ҰҒА Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы:

– Алайда, біздің талабымызға сәйкес келмейтін азғантай жерлерінің өзі «Бір қарын майды бір құмалақ шірітер» дегендей, әліпбиіміздің және соның негізінде жасалатын емлеміздің толықтай шырқын бұзатын өте маңызды және шешуші рөлге ие, принципті мәселелер екенін атағанымыз жөн. Біріншіден, біз күні бүгінге дейін болғандай қазақ-орыс немесе орыс-қазақ әліпбиін емес, қазақ тілінің әліпбиін жасауымыз керек. Мұны айтып отырған себебім – жаңа әліпби мен емле тағы да кирилл нұсқасының таңбалық өзгерген көшірмесі болып отыр. Мемлекеттік тілдің табиғи заңдылығын негізге алсақ, қазақ әліпбиінде төл 9 дауысты және 19 дауыссыз дыбысымыздың бәрі жеке таңбалармен таңбалануы керек екені дау туғызбас. Екіншіден, бір әріппен әрі дауысты, әрі дауыссыз дыбыс таңбаланған. Әлемде туған тілде жоқ дыбыстарды таңбалайтын әріптерді өзінің ұлттық әліпбиіне кіргізген жалғыз ел біз болып отырмыз.

Тілдің маңызды қорғаныс механизмі, әлеуеті, миссиясы бар. Тіліміз бүтін болса, шекарамыз қымталған, төрт құбыламыз түгел ел боламыз. Тіліміз әлсіресе, ділімізден де, жерімізден де, елімізден де айырыла бастаймыз. Сондықтан, тілдік жаңару мен жаңғыру үрдісінде ымыраға, шезінуге, бір ғана таңбаны жематқа беруге болмайды.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ «Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ
(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚАТАҢ ЖАЗА ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРЕДІ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы қабылданғаны, соған орай, қылмыстық заңнамалардың жаңартылып, кейбір жаза түрлерінің қатайтылғаны баршаға мәлім. Өзгерістер мен толықтыруларды жалпылай айтсақ, экологиялық және көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтарға, жыныстық зорлық-зомбылық пен педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық, ұрлық және басқа да ауыр, әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазалар күшейтілді. Бұған қоса Қылмыстық кодекске алкоголь, есірткі әсерімен жол ережесін бұзып, соның салдарынан абайсызда денсаулыққа зиян келтіргендер мен адам өліміне себеп болғандарға жаңа бап енгізілді. Яғни, ҚК 345-1-баппен толықтырылды.

Қылмыстық заңдардағы өзгерістерге қысқаша тоқталар болсақ, жоғарыда аталған жаңа бапқа сай, мас күйінде көлік жүргізіп адам денсаулығына орташа зиян келтіргендер белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға айырылып, 1000 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейінгі мөлшерде айыппұл арқалайды. Яки, сол мөлшерде түзеу немесе 400 сағатқа

Заңсыз аң аулағандар жазасы да ауырлады. Браконьерлерге бұрын 200 АЕК айыппұл салынса, енді ол 4000 АЕК-ке өсті. Ал қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы 200-ден 1000 сағатқа, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру 1 жылдан 3 жылға қатайды. 50 тәуліктік тұтқындаудан өзге 4 жылға дейін бас бостандығын шектеу және айыру, мүлкті тәркілеу сынды жазаның жаңа түрі енді. Ерекше қорғалатын табиғи немесе төтенше экологиялық аумақтарда, сондай-ақ жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, т.б. ірі залал келтіріле отырып жасалған заңсыз аң аулауға көзделген бұрынғы 5000 АЕК айыппұл, 6000-ға көбейіп, бас бостандығын шектеу және айыру 3 жылдан 6 жылға, ал, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру 3-тен 7 жылға дейін қатайды. Санкция 1200 сағат мерзімге дейін қоғамдық жұмыстарға тартуды қоспағанда, мүлкті тәркілеу түріндегі жазамен толықтырылды. Осыған қатысты қылмыс бөлігі бұрын орташа ауыр қылмыс саналса, бүгінде ол ауыр қылмыс санатына жатқызылды.

Жаңа нормаға сай, мал ұрлығы мен қарулы шабуыл теңестірілді. Мал ұрлығы мен тонау қылмысына жеке мүлкін тәркілей отырып 5-тен 10, ал, қарулы шабуыл үшін 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Малмен қатар, тұрғын үйге, кенсеге немесе өндірістік жайларға, қоймаға, көлікке заңсыз кіру арқылы жекенің меншігін не мүлкін ұрлау, тартып алу, қол-



дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға, не болмаса 1 жылға дейін бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ескерулерігі, аса ауыр зиян келтірсе, адам өлімі болса жаза түрі де қатаңдай түседі. Тағы бір айтарлығы, 346-бап түбегейлі өзгертілді. Осы бапқа орай, көлік жүргізу құқығынан айырылған немесе масан күйдегі адам көлік жүргізсе, онда ол белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айырылып, 5000 АЕК-ке дейін айыппұл төлеуі, яки 5 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Көлікті басқа адамның мас күйінде жүргізуіне жол бергендер де осындай жазаға тартылады.

Бала өмірін кию және зорлық-зомбылық көрсетуге қатысты қылмыстық жазалар осы заңмен барынша қатайтылды. Әйел зорлау, сексуалдық сипаттағы, сол секілді басқа да зорлық-зомбылық әрекеттерге барғандар 5 жыл мен 8 жыл аралығында бас бостандығынан айырылады. Бұрын мұндай қылмыстар 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасымен шектелетін. Ал кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған жыныстық зорлық-зомбылық қылмыстарын жасырғандарды 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Егер зорлау әрекеті жас балаға қатысты жасалса, онда қылмыскерлер 20 жылға немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ды ету ауыр қылмыс түріне енді. Ұрлық үшін бас бостандығынан айыру жазасы 2 мен 7 жыл арасын құрайды.

Есірткіні заңсыз жарнамалап, насихаттағандарға да қылмыстық жауапкершілік қатайды. Қылмыстық кодекске есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларын насихаттау немесе заңсыз жарнамалау бойынша 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейтін жаңа норма енгізілді. Қылмыстық іске бірнеше рет бару, сондай-ақ, БАҚ пен электрондық ресурстар арқылы жарнамалау, теріс пиғылын білім беру мекемелері мен қоғамдық орындарда жүзеге асыру қылмыстарына 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Заңнама талаптарының өзгеріске ұшырауы уақыт қажеттілігінен туындап отыр. Негізінен бұл өзгерістер жауапкершілікті қатаңдату арқылы қылмыстың алдын алуға бағытталған. Ел азаматтары жауапсыздық соңы қатаң жазаға әкелетінін есте ұстағандары абзал.

Сәкен СӘДУАҚАС,
Шарбақты аудандық сотының судьясы
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ТІЛ – ҰЛТ КЕЛБЕТІ



Эльвира ТЕМІРНИЯЗОВА
Батыс Қазақстан облыстық сотының
кеңсе меңгерушісі

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халқына арнаған алғашқы Жолдауында қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталды. Шынығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл – бұл ұлт келбеті. Сондықтан да, Конституцияда «қазақ тілі – мемлекеттің барлық аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі», – деп нақты көрсетілген. Ұлттық құндылығымыз өз құнын сақтап қалу үшін тіл мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. 2021 жылдың 5 қаңтарында жарыққа шыққан «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты ел Президентінің

мақаласында да «Мемлекеттік тілді білу – қадап айтылған.

Қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілік артуы тиіс. Мемлекеттік қызметке, халықпен тығыз жұмыс жасайтын лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігімен қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық берілгені жөн. Мұндай жағдайда өз ертеңін ойлаған азаматтың бәрі қазақ тілін бірінші орынға қоюды міндеттенуі тиіс. Ал ана тілін кеңінен қолдану – басқа тілдерге шектеу қою дегенді білдірмейді.

Мәселен, Қазақстан Республикасының соттарында іс жүргізу және сот өндірісін жүргізу мемлекеттік тілмен қатар ресми тілде жүзеге асырылып отыр. Мемлекеттік органдармен сотқа жолданатын құжаттар да қазақша рәсімделуде. Осы арқылы сот өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етіп, ел азаматтарының объективті ақпарат алудағы конституциялық құқығын жүзеге асырып қоймай, сот билігінің беделін нығайтып, сот жұмысының сапасын жақсартады. Десек те, мемлекеттік тілмен қатар сот істерінің ресми тілде жүргізілетіні жасырын емес. Өйткені сотқа талап арыз қай тілде түссе, сот ісі сол тілде жүргізіледі және соттың өз еркімен істі қазақ тіліне көшіруге өкілеттігі жоқ. Сондықтан соттағы мемлекеттік тілдің көрсеткішінің көтерілуіне әр азамат өз үлесін қоса алады.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Оның мәртебесін биіктетіп, беделін арттыруға бағытталған жұмыстар тоқтаған емес. Тірлігі мен тынысы бір, жері мен ынтымағы жарасып отырған елдің тілі де бір болса, ұлт бірлігінің басты факторы қазақ тілі екенін дәлелдеп шығады.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

ХАЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ – АҒЫСҚА ҚАРСЫ ЖҮЗУ

Президенттің жыл сайынғы жолдаулары мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс-тіршілігінің дамуына бірден-бір ықпал еткен фактор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Жолдауы да сындарлы сәтте елдің үмітін еселеген, бағытын түзеген, бағдарын белгілеуге жол сілтеген сауатты құжат болды. Жолдауда Президент: «Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды. Индетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қол ұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды. Дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және осындай шақта бейжай қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздер айрықша табандылықтың және зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер. Бұл Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі» деп атап көрсетті.

2020 жылғы Жолдаудың артықшылығы аз емес. Мұнда Президент ұтымды ұсыныстар айтып, кесімді пікірлер мен нақты тапсырмаларын ортаға салды. Соның бәрі – жалпы халықтың көңіл төріндегі көрікті ойларымен жымдаса қабысып жатыр. Жолдаудың басты артықшылығы елдің талап-тілегімен үндестігінде. Құжатта «Еститін мемлекет және коммуникациялар» мәселесіне терең мән берілген. Өйткені, биліктің жұмысы халықтың талабымен үндес болуы керек.

Жолдауда Мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін жасау жайы айтылып, Президент елдегі мемлекеттік бағдарламалар мен шенеуніктер санына тоқталды. Соған орай халық

түсінетін ықшам мемлекеттік бағдарламаға көшу керектігін ескертті. Мемлекеттік қызмет жүйесін реформалап, мемлекеттік қызметкерлерді 25 пайызға қысқартуды тапсырды.

Президент атап өткендей, ұзаққа созылған мұнай дәуірі аяқталды. Соған орай нарықтың жаңа ахуалына дайын болу керек. Халықтың еңбек етуіне жағдай жасау, шағын және орта бизнесті дамыту да мемлекет назарында. Азаматтардың тұрғын үй, білім алу және емделу мақсатына зейнетақы қорына жинақталған қаржысының белгілі бір бөлігін пайдалану мүмкіндігін иеленуі, тағы да басқа көптеген тартымды жаңалықтар осы Жолдаудағы негізгі жаңалықтар қатарынан.

Мемлекет басшысының «жер шетелдіктерге сатылмайды, алайда, ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға түсіру шаралары іске асады» деген сөзі көңілдегі күмәнді кері серпіп, сенімді нығайта түсті. Ел ертеңін ойлауға қатысты пайымның парасаттылығы осылай бой көрсетке керек-ті. Мұғалімдер мен дәрігерлердің еңбекақы көлемінің өсуі, көшелерді әр жыл сайын қайталап жөндей беретін келеңсіздікке тосқауыл қойылуы, мәслихат отырыстарының онлайн-режимге көшірілуі және өзге де жаңалықтар – қуана құптарлық шешімдер.

Шынында да, Мемлекет басшысының әр сөзінің астарында зерделі көзқарас пен биік парасат менмұндадалап тұр. Барлық бағыттарды қамтитын әр тапсырманың тамырында іргелі негіздеме мен қапысыз қисын жатыр. Қысқасы, Жолдауды жағымды бастамалар жиынтығы ретінде қабылдауға толық негіз бар. Оның жүйелі жүзеге асырылуы – елдің ертеңі күнінің кемелдене түсуінің кепілі.

Е.МОМЫШЕВ,
Семей қаласының
мамандандырылған
әкімшілік сотының бас маманы

АЛҚАБИЛЕР ҚАЛАЙ ІРІКТЕЛЕДІ?



Сот саласында жүзеге асырылған игі өзгерістің бірі – «Алқабилер туралы» заң. Осы арқылы елімізде сот мәжілістеріне халық өкілдері – алқабилерді қатыстыруға қадам жасалды. Алқабилер құрамы негізінен жабық сот отырысында жүргізілуі тиіс.

Негізгі алқабилер құрамын жасақтауда төрағалық етуші алқабиге кандидат адамдардың аты-жөнін көрсетіп, билеттерді жәшікке салады. Оларды араластырып, 11 билетті бір-бірлеп алады. Билетте көрсетілген кандидат есімін көпшілік алдында жариялайды. Егер жәшіктен алынған билеттер алқабилердің жалпы санын құраса, сондай-ақ егер алқабилер алқасын құрудың дұрыстығына әсер ететін қандай да бір бұзушылыққа жол берілмесе, онда алқабилер алқасы құрылды деп танылады. Бұл ретте, жеребе тастау арқылы іріктелген алғашқы 9 алқаби негізгі құрамның алқабиі, ал соңғы екеуі қосалқы алқаби деп есептеледі. Сот отырысының хатшысы жеребе тастау арқылы іріктелген 11 алқабидің тегін жәшіктен билеттер қалай алына, сол тәртіппен сот отырысының хаттамасына енгізеді. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 546-бабының талабына сай алқабилердің қатысуымен өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы көзделген аса ауыр санаттағы қылмыстар бойынша ҚК-нің 235-бабы «қылмыстық қоғамдастық құру, басқару» бойынша істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар санатындағы істер қаралады. Алқабилер қаты-

суымен қаралатын қылмыстық істердегі өзекті мәселені бірнеше топқа бөлуге болады: Бірінші, алқабилерге үміткерлердің бірыңғай, қосалқы және қосымша тізімін жергілікті атқарушы органдардың сапалы жасақтауы; Екінші, аталған тізімге енген алқабиге үміткерлерге олардың тізімге енгені жөнінде хабарлап, алқаби қызметін атқару кезіндегі құқығы мен міндетін және алқаби қызметін атқарған кездегі қойылатын шектеулер мен жауапкершілік туралы, сонымен қоса алқабилер қызметіне төленетін ақы, еңбек қатынасындағы кепілдік туралы түсіндіру жұмысын жүргізу; Үшінші, басты сот талқылауында сот терезуін жүргізу ерекшеліктері бойынша талаптардың сақталуын және тараптардың өз міндетін заң талабына сай атқаруды қамтамасыз етумен байланысты. Алқабилер институты өз деңгейінде жұмыс жүргізуі үшін жоғарыдағы мәселелер толық шешімін табуы тиіс.

А.САНДЫБАЕВА,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
жсетекші маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан да, зейнетақы қоры салымшыларының барлығы зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігіне қол жеткізе алмайды. Заң аясында салымшылардың 700 мыңнан астамы ғана жинақтағы ақшасының бір бөлігін алу құқығына ие болып отыр. Яғни біріншісі – зейнетақы жинағы бар, қордағы ақшасы «жеткіліктілік шегінен» асатын жұмыс істейтін азаматтар. Екіншісі – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жинағы бар зейнеткерлер. Егер олардың жинақтаушы қорында қаражаты болса, олар сол қаражаттың 50 пайызына дейін ала алады. Бұл жерде бір ғана шарт – зейнетке шыққан азаматтардың мемлекеттен алып отырған зейнетақысы мен жинақтаушы қордан алып отырған зейнетақысын қосқан кезде, оның зейнетке шыққан кездегі табысының кемінде 40 пайызынан төмен болмауы керек. Үшіншісі – зейнетақы

ислам банкінің тұрғын үй сатып алу жөніндегі мәмілені қаржыландыруы шеңберінде берешекті ішінара, толық өтеуге; сатып алу құқығымен тұрғын үйді ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеуге және емдеу мақсаттарына пайдалануға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, салымшы ақшаны өзі үшін, жұбайы және жақын туыстары үшін пайдалана алады. Заң бойынша жақын туыстарына ата-әжесі, әке-шешесі, балалары, немерелері, бауырлары жатады. Сондай-ақ, әйеліңіздің немесе күйеуіңіздің зейнетақы қорындағы жинақтары «жеткіліктілік шегінен» асса, ол өзінің күйеуіне немесе әйеліне құқықтарын беру арқылы жинағын ұсына алады. Сонымен бірге отбасы мүшелері зейнетақы жинақтарын қосып, белгілі бір мақсатта пайдалануға өтініш бере алады.

– «Отбасы банкінде» біржол-
ғы зейнетақы төлемін рәсімдеу



Назгүл БАЙТУМАНОВА,
«Отбасы банкінің» қаржы кеңесшісі:

«ҚОРДАҒЫ ҚАРАЖАТТЫ ЕМГЕ ЖҰМСАУДЫҢ ТЕТІГІ АЙҚЫНДАЛМАҒАН»

аннуитетін рәсімдеген және шотын-
да жинағы қалған қазақстандықтар.
Мұндағы «жеткіліктілік шекке» келер
болсақ, ол салымшының есебінде қал-
уы қажет жинақтағы қаражатының ең
төменгі мөлшері. Салымшының зейне-
тке шыққанда зейнетақысыз қалмауы
үшін есепшотында белгілі мөлшерде
қаражат қалуы қажет болғандықтан,
«жеткіліктілік шекті» анықтау әдісте-
месі Үкіметпен белгіленген болатын.
Мысалы, 30 жастағы адам үшін «жет-
кіліктілік шек» – 2 миллион 518 мың
теңге.

– Жоғарыда аталған санат-
тағы азаматтар зейнетақы жи-
нақтарының бір бөлігін қандай
мақсаттарға пайдалана алады?

– Бір жолғы зейнетақы төлемдерін
тұрғын үйді сатып алу, жекешелен-
діру, бөліп төлеу, айырбастау шартта-
ры бойынша, үлестік қатысу туралы
заңнамаға сәйкес кепілдік болған кезде
тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу
туралы шарттар бойынша толық есеп
айырысуға; жер сатып алуды есептеген-
де, жеке тұрғын үй салуға; ипотекалық
тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы
жарнаны енгізуге; ипотекалық тұрғын
үй қарызын алу, берешекті ішінара
немесе толық өтеуге, қайта қаржылан-
дыру; ислам банкінің қаржыландыруы
шеңберінде тұрғын үйді сатып алуға,

үшін арнайы шотты ашу реті
қандай?

– Арнайы шот ашу үшін ЖССБ 24
мобильді қосымшасын құрылғыңызға
жүктеп, қосымшадағы жеке кабинетке
кіріп, «зейнетақы аудару үшін шот ашу-
ды» басу қажет. Содан кейін өтінішке

қолма-қол берілмейді. Мұның бәрі
бірыңғай оператор арқылы жүзеге асы-
рылады.

– Ал зейнетақы қорындағы
ақшаны алу үшін өтінім қалай
беріледі?

Салымшы ақшаны өзі үшін, жұбайы
және жақын туыстары үшін пайдалана
алады. Заң бойынша жақын туыстарына
ата-әжесі, әке-шешесі, балалары, неме-
релері, бауырлары жатады. Сондай-ақ,
релері, бауырлары жатады. Сондай-ақ,
әйеліңіздің немесе күйеуіңіздің зейнет-
ақы қорындағы жинақтары «жеткіліктілік
шегінен» асса, ол өзінің күйеуіне немесе
әйеліне құқықтарын беру арқылы жи-
нағын ұсына алады. Сонымен бірге от-
басы мүшелері зейнетақы жинақтарын
қосып, белгілі бір мақсатта пайдалануға
өтініш бере алады.

қол қоясыз. Артынша бір-
неше секунд ішінде шот ашылады.
Шоттың болуы туралы анықтама мен
оның нөмірін жеке кабинеттен көруге
болады. Бұл зейнетақы аударымын
жасаудың алғашқы қадамы. Жалпы,
арнайы шотты ашуда мерзімдер мен
шектеулер жоқ. Сондай-ақ, ақша адам-
ның жеке шотына аударылмайды және

– Өтінім берместен бұ-
рын, қолданылу мерзімі аяқталмаған,
қызмет алуға жарамды электрондық
цифрлық қолтанба, яғни ЭЦҚ болу
қажет. Сондай-ақ, зейнетақы жинақта-
рының қолжетімді көлемін БЖЗҚ пор-
талынан нақтылап алған жөн. Одан
кейін жоғарыда айтылғандай арнайы
есепшот ашу қажет. Ары қарай өтінім
беру қадамын төменде көрсетілгендей

іске асыру керек. Бірінші – enpf-otbasy.
kz порталына электронды цифрлы қол-
танба арқылы кіріп, ЭЦҚ-мен авториза-
циялану және жеке кабинет ашу. Екін-
ші – зейнетақы қорындағы жеткілікті
мөлшердің үстіндегі ақшаны қандай
мақсатқа пайдаланатынын белгілеу. Әр
мақсаттың өзіндік құжаттар тізімі бар,
оларды алдын ала сканерден өткізіп,
дайындау керек. Үшінші – жұмсағысы
келетін қаражатты көрсету. Төртінші –
«Өтінімді қалыптастыру» батырмасын
басып, БЖЗҚ-ға қаражат сұрату үшін
қажетті үш өтінішке ЭЦҚ көмегімен
қол қою қажет. Одан кейін клиент (ар-
найы шот болған жағдайда) «БЖЗҚ-ға
өтінім жіберу» батырмасын басады.
Қажетті соманың бар екені туралы ха-
барламаны алғаннан кейін құжаттарды
жүктеу терезесі ашылады. Құжаттар
арнайы шотқа қаражат түскеннен кейін
45 жұмыс күні ішінде жүктелуі керек.
Олай болмаған жағдайда олар БЖЗҚ-ға
қайтарылады.

Егер зейнетақы жинақтарын «Отба-
сы банкіндегі» ипотекалық қарызды
мерзімінен бұрын толық немесе бір
бөлігін өтеуге пайдаланғыңыз келсе,
enpf-otbasy.kz онлайн платформасында
өтініш берген кезде, сізге ешқандай құ-
жаттарды, оның ішінде несие берешегі
туралы анықтаманы порталға жүктеудің
қажеті болмайды. Себебі, сіздің қарыз-
дарыңыз бойынша барлық құжаттар
«Отбасы банкінің» деректер базасында

бар. Бар-жоғы «Отбасы банкінде» ар-
найы шот ашып, менеджердің қабыл-
дауында несиеңізді мерзімінен бұрын
толық немесе бір бөлігін өтеу туралы
өтініш толтырып, зейнетақы қаражаты-
ның мақсатты пайдаланылуын раста-
саңыз болды.Зейнетақы жинағынан
қаражат сіздің шотыңызға аударылған
күннен бастап, 45 жұмыс күні ішінде
өтінім қаралады.

– «Отбасы банкіндегі» тұрғын
үй құрылыс жинақ жүйесі бойын-
ша ипотекалық тұрғын үй қары-
зын алу қалай жүзеге асады?

– Тұрғын үйді бастапқы немесе қай-
талама нарықтан, сондай-ақ, ҚР заңна-
масына сәйкес кепілдігі бар тұрғын үй
құрылысына үлестік қатысу арқылы
салынып жатқан үйден сатып алуға
болады. Сонымен қатар, сіз пәтер, жеке
тұрғын үй, жатақханадан бөлме сатып
ала аласыз. Сондай-ақ, бір банктік қар-
ыз шартының аясында жөндеу жүргізу
арқылы тұрғын үй сатып алуға және
жеке тұрғын үй құрылысын жүргізуге
(ЖТҚ немесе ЖҚШ нысаналы мақса-
тындағы жер учаскесін сатып алуды
қоса алғанда) болады. Осы мақсат
бойынша өтінім бергеннен кейін банк
қызметкерлері сізбен хабарласып, қа-
жетті құжаттар негізінде толық кеңес
беретін болады.

Айта кететін жайт, мемлекеттік
бағдарламалар арқылы несие алу үшін
атыңызда ҚР бойынша үйіңіз болмауы
керек. Бұл талапқа сүйенетін болсақ,
үйі барлар мемлекеттік бағдарламамен
үй ала алмайды. Есесіне кез келген
басқа, мемлекеттік емес бағдарламалар
бойынша үй алуға болады. Ең бастысы,
зейнетақы қорынан ақшаңызды алған
кезде, тұрғын үй шарттарын жасату
мақсатымен алып, оны растауыңыз
керек.

– Ал зейнетақы жинақтарын
жөндеу жұмыстарына алуға бола
ма?

– Ережеде жөндеу жұмыстары
қарастырылмаған. Сіз бір шарт шең-
берінде тұрғын үй сатып алып, жөндеу
жүргізген болсаңыз, жөндеу жұмыста-
рын жасай аласыз. Жеке жөндеу үшін
рұқсат етілмейді.

– Зейнетақы қорынан алған
қаражатты емделуге жұмсаудың
тәртібі қандай?

– Зейнетақы жинағын емделуге
жарату тәртібі әлі нақтыланған жоқ.
Бұған қатысты ережелерді Денсаулық
сақтау министрлігі айқындайды. Жал-
пы, осы тұста айта кетейін, зейнетақы
жинағын мерзімінен бұрын алған кезде,
10% мөлшерінде жеке табыс салығы
салынбайды. Яғни, зейнетақы жинағын
мерзімінен бұрын алатын азаматтарға
табыс салығын төлеу мерзімін кейінге
қалдыру құқығы беріледі. Олар табыс
салығын зейнетке шыққан соң, 16 жыл
ішінде бөліп төлей алады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ БАСТАМАЛАРЫНА СҰРАНЫС БАР

Өндіріс орындарынан бастап, отбасылық қожалықтарға дейінгі барлық ша-
руашылық субъектілері үшін коронавирус індетінің таралуына байланысты
енгізілген шектеулер айтарлықтай қолайсыздықтар тудыруда. Біреулері дайын өнімін
өткізе алмай, еріксіз өндіріс көлемін шектей бастаса, енді бірінде импорттық шикізат
пен техника бағасының көтерілуіне байланысты еңбек өнімділігі төмендеуде. Бағаның
тұрақсыздығынан табысы азайған халықтың тұтынушылық сұранысы да күрт кеми
бастады. Бұл тығырықтан шығар жол әзірге көрінбейді.

Индеттің қашан ауыздықталатынын ешкім
болжай алмағандықтан, алдағы күнге қатысты
жоспар, стратегияларға деген халықтың сенімі
де күн өткен сайып азайып бара жатыр. Көпте-
ген сарапшылардың айтуынша, мұндай жағдай
әлемдік деңгейде алғаш рет тіркеліп отыр. Индеттік
жағдайдан туындаған дағдарыстың қысқа уақытта
ұлттық ауқымнан, аймақтық, ғаламдық деңгейге
дейін көтерілген кезі әлемде бұрын-соңды бол-
маған көрінеді. Егер ол тағы бірнеше жылға созы-

латын болса, жұмыс орындарының қысқаруынан
әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қиындаған халық
наразылығы бүкіл әлемді шарпуы мүмкін. Сон-
дықтан оны теріс пиғылдағы жекелеген адамдар
мен топтар өз мүддесіне пайдаланбауы үшін билік
пен халық арасындағы қарым-қатынастың жолы
мен құралдарын жетілдіруге атқарушы және заң
шығарушы билік органдары да ынталы боп отыр.

«Құланның қасуына мылтықтың басуы» де-
гендей, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев-

тың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет құру»
тұжырымдамасы дәл осы кезенге дөп келіп тұр.
Бұл туралы Мемлекет басшысы 2020 жылғы
Жолдауында: «Егер азаматтарымыздың әл-ауқа-
тын шын мәнінде жақсартқымыз келсе, олардың
өздерін осы іске белсенді түрде тартқан жөн.
Алдағы саяси реформалардың барлығы халықты
мемлекеттік басқару ісіне кеңінен қатыстыруға
бағытталуы керек. Ашығын айтсақ, мемлекеттік
органдарда әлі де болса формализм мен жайба-
сарлық кеңінен етек алып отыр. Азаматтарымыз
өздерінің жергілікті деңгейдегі мәселелерімен ор-
талық мемлекеттік органдарға жүгініп, Мемлекет
басшысына шағымдануға мәжбүр. Сол үшін жер-
гілікті жердегі басшылардың құзыреті мен жауап-
кершілігін арттыру керек. Әлеуметтік желілердің
арқасында өңірлерде шешімін таппаған мәселелер
бүкіл елге белгілі болып жатады. Азаматтарымыз
реформаларға бастамашы болып, ұсыныстар беру

үшін онлайн-петициялардың бірыңғай заңды инс-
титутын құру қажет. Мұндай құрылым қандай да
бір бұрмалау әрекеттерінен толық қорғалуға тиіс.
Үкімет азаматтық қоғаммен бірлесіп, осы маңыз-
ды жобаның нормативтік-құқықтық базасын
әзірлеуге және оның барлық техникалық мәсе-
лелерін шешуге тиіс» деген болатын. Әзірге бұл
бағытта айтарлықтай өзгеріс жоқ. Дегенмен сен
бұзылды, ендігі әрекет билік пен қоғам арасын-
дағы тұрақты диалогта. Бұл міндетті жүзеге асы-
руда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесіне ғана үміт
артып қоймай, ҚР Президентінің Жолдауында
айтылғандай, мәслихат отырыстарының міндетті
онлайн-көрсетілімдерін де енгізу қажет. Халық
қалаулыларының өзара пікірталасы, олардың
қоғамдық-саяси келбеті жұртшылық үшін қол
жетпес құпия болмауға тиіс. Сонда ғана халықтың
билік органдарына деген сенімі артып, азаматтық
бастамалар қоғамның дамуы мен тұрақтылығы-
ның бір өлшемі ретінде бағаланатын болады. Ал
бұрынғыдай айтылған сөз айтылған жерінде ғана
қалып қоятын болса, одан енді ешкім ешнәрсе
ұтпайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫ

Қызылорда қаласындағы ЗК-169/5 мекемесінде жазасын өтеушілердің бір топ жақындары Қызылорда облыстық Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің алдына жиналды. Олар аталмыш департамент басшысымен кездесуді талап етіп, «ЗК 169/5 мекемесі ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат бермейді, жақындарымен кездесу болмағаны үшін өзіне қол жұмсаған сотталушы да бар» деген шағымдарын айтты. Абақтының ар жағындағы адамдардың амандығына алаңдап, ЗК-169/5 мекемесіне арнайы барып, мекеме бастығы Тасболат ҚАЛЫМБЕТОВ-ПЕН кездесіп, мән-жайды білген едік.

Тасболат ҚАЛЫМБЕТОВ, әділет подполковнигі, ЗК-169/5 мекемесінің бастығы:



СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ
САУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

– Тасболат Шәкенұлы, сотталғандар арасында коронавирусқа шалдыққандар бар ма?

– Өздеріңізге белгілі, тышқан жылы еліміз үшін ауыр жыл болды. COVID-19 дертінен қаншама адам көз жұмды. Сотталғандарды дерттен сақтау үшін, ҚР Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің нұсқауына сәйкес, мекемеде дер кезінде санитарлық шараларды күшейтті. Бүгінде 660 азамат жазасын өтеп жатыр. Олардың ауру жұқтырмауы, бас амандығы бірінші орында. Өткен жылдың наурыз айынан бастап ұзақ мерзімді кездесулерге шектеу қойылды. Себебі, сырттан келген адамның екі күн сотталушының жанында болуы дерттің таралуына әкеліп соғуы ықтимал еді. Жазасын өтеушілердің денсаулығын жіті бақылап, санитарлық жұмыстар үздіксіз жүргізіліп отыр. Соның нәтижесінде сотталғандар арасында COVID-19 дертін жұқтырғандар тіркелмеді. «Сактансаң, сактаймын» деген, бізге жазасын өтеушілердің бас амандығы маңызды.

– Сотталғандардың туыстары бір жыл бойы мүлдем кездеспедік деп ұж айтуда. Бұған не дейсіз?

– Сотталушыларға аталмыш аурудың инфекциясын, пневмония және ЖРБИ жұқтырудың алдын алу үшін келушілерге шектеулер қойылған. Қысқа мерзімді кездесу үшін азаматтар сауалнама толтырып, термометриялық бақылаудан өтіп және қорғаныш бетпердесімен, ПЦР тестің теріс нәтижесін ұсынған жағдайда кездесуге рұқсат. Ұзақ мерзімді

кездесуге осы талаптарды сақтай отырып жол беріледі. Мүлдем кездесу ұйымдастырмады деген жалған ақпарат. Вирусты жұқтыру деректері саябырсыған тұста 9 қыркүйек пен 12 қарашаға дейін арнайы жасақ көмегімен, жатақханада санитарлық талаптарды сақтай отырып, ұзақ мерзімді кездесу ұйымдастырылды. Барлығы 92 азамат өз жақындарымен жүздесті.

– Өз-өзіне қол жұмсап жатқандардың бары рас па?

– «Жолдасыммен ұзақ мерзімді кездесе алмадым» деген азаматша – Асқар Әбуовтің бұрынғы әйелі. Ол кісіні өзім қабылдадым. Заңды некедегі әйелі ғана кіре алатынын немесе кішкентай баласына серік болып қана кіріп кездесе алатынын түсіндірдім. Жолдасының жағдайы қалыпты. Сотталғандар арасында өзіне қол жұмсағандар жоқ. Таксофон арқылы жақындарымен сөйлесіп тұрады. Қысқа мерзімді кездесулер ұйымдастырылып жүр, сәлемдемелерін мұқият тексеріп кіргізудеміз. Сондықтан алаңдауға еш негіз жоқ COVID-19 дертінен құтылсақ, кездесулер қайта ұйымдастырылады. Кез-

десуге келушілер сотталушылардың да сақтығын ойлағаны жөн.

– Сотталғандардың туыстары жеке мәселелерімен қабылдауыңызға кіре ала ма?

– Өткен жылы карантиндік сақтық шараларын сақтай отырып, сотталғандардың жақындарын түрлі мәселелері бойынша қабылдадым. 119 азамат жеке қабылдауыма келіп, өздерін мазалаған ойларымен бөлісті. Осы айдың өзінде 10 азаматты қабылдадым. Барлығын тындап, сұрақтарына жауап беріп, мәселелері бойынша заң аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келемін. Қандай да бір шағымы болса, менің қабылдауыма келсін. Біз дер кезінде жауап береміз. Түзеу мекемесінде оңалту жұмыстары уақытылы өткені дұрыс. Сотталушыларды асыға күтіп отырған анасы, балалары, жары бар. Отбасына аман-есен оралып, қоғамға қайта бейімделгені жақсы. Сондықтан, дерттен сақтануын қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз.

Сұхбаттасқан
Гүлбану МАҚАЖАН,
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

P.S: Біз барғанда түзеу мекемесінің күту залында сырттан келушілер көп екен. Бәрінде бір-бір сөмке. Бірі сәлемдеме беруге, енді бірі бастыққа қабылдауға кіруге келгендер. Бекітілген тәртіпке сәйкес кезекпен қысқа мерзімді кездесулер де өтіп жатыр. Түрмеге келушілерді №5547 әскери бөлімінің әскери қызметшілері бақылауға алған. Тәртіп пен талап бәріне ортақ. Мекеме басшысы бізбен бірге күту залына барып, азаматтармен тілдесті. Сұрақтарына жауап берді. Сақтық шараларын бұзбай, уақытша шектеулерге түсіністік танытуды сұрады. Келушілер сақ болса, сотталушылар да сау болады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаменті және «Үміт» қоғамдық бірлестігі арасында өзара ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Меморандум аясында пробация қызметіне басшылық жасау тобының бас маманы Мұрат Усманов пен «Үміт» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Еркемай Болатбекқызы арнайы құжатқа қол қойып, алда ұйымдастырылуы тиіс іс-шараларды талқылады.

– Жыл басынан бері облыс көлеміндегі аудандық пробация қызмет бөлімдері, өз есебіндегі сотталғандарды қайта тәрбиелеуге, қоғамға бейімдеуге, оларға әлеумет-

тік, психологиялық, құқықтық және тағы да басқа көмек түрлерін көрсету үшін түрлі үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық келісім орнатты. Біздің басты мақсатымыз – сотталғандардың мінез-құлқын түзеп, әлеуметке қосу, – дейді ҚАЖ департаментінің пробация қызметіне басшылық жасау тобының бас маманы Мұрат Усманов.

Алдағы жыл ішінде екі тарап пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарға бірқатар әлеуметтік-құқықтық және медициналық көмек түрлерін көрсететін болады.

Түркістан облысы бойынша ҚАЖД баспасөз қызметі

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ПАЙЫМ

ЖЕМҚОРЛАРҒА
КЕШІРІМ ЖОҚ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ. СОЛАРДЫҢ АТАП АЙТАРЛЫҒЫ, ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҒЫ ҮШІН БАСШЫЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗАҢМЕН БЕКІТІЛДІ. БҮДАН ӘРІ НАҚТЫЛАЙ ТҮССЕК, ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНЫШТЫ ТҮЛҒАЛАР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ЖАҒДАЙДА САЯСИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ОТСТАВКАҒА ШЫҒУҒА МІНДЕТТІ.

Жемқорлықсыз қоғам құру басты мақсаттарымыздың бірі десек, «Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кері күш» деген Мемлекет басшысы жемқорлық қылмысына барғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатпау нормасын заңмен реттеуді тапсырды. Өткен жылы «Кейбір заңнамалық актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң күшіне енді. Аталған заңмен ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, сондай-ақ парақорлықпен сотталғандардың қауіпсіздігі барынша төмен қылмыстық-атқару мекемелерінде, яғни қоныс-қолонияларда жазасын өтеу мүмкіндігі алынып тасталды.

Айта кетерлігі, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату мәселесі қаралғанда сот отырысына сотталушы, қорғаушы, жазаны орындайтын мекеме немесе орган өкілі, прокурордың қатысуы міндет. Сыбайлас жемқорлық жасағандарға шартты түрде соттау жазасы қолданылмайды. Жәбірленушімен татуласуына немесе кепілгерлік белгілеуге, сондай-ақ айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты сыбайлас жемқорлық туралы істерді тоқтатуға жол берілмейді.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға кімдер өтініш бере алады десек, бұл заңдылық ҚР Қылмыстық кодексінің 72-бабымен қылмыс деңгейіне байланысты реттелген. Яғни, сотталушы онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаса, сол үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ал ауыр қылмысқа барып 10 жылға кесілсе, соның кемінде жартысын, аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату жайлы өтініш бере алады.

Бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босату өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бос-

тандығынан айыруға ауыстырылғандарға, адамдардың өліміне әкеп соққан немесе аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік, көмелетке толмағандардың жынныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысы үшін сотталғандарға қолданылмаса, бұл норма жаңа заң талабына сай, ауыр немесе аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысымен толықты.

Пара бергенге де, алғанға да, оларға көмектескен арадағы делдалдарға да қатан қылмыстық жауапкершілік белгіленіп, пара беру мен делдалдық бойынша айыппұлдың ең төменгі мөлшері екі есеге ұлғайтылды. Бұған дейінгі заңда айтарлықтай мөлшерде пара бергендерді ең көбі 5 жылға бас бостандығынан айыру қарастырылса, қазіргі күні бұл жаза 7 жылға дейін ұзартылды. Әрі бұл ауыр қылмыс санатына енгізілді. Сонымен қатар, лауазымды адамға пара беруде 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілігі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру, әскери атақтар мен сыныптық шендерден, мемлекеттік марапаттардан, т.б. айыру сияқты ірі айыппұлдар, қосымша санкциялар көзделген.

2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы жалпы қоғамды жемқорлықпен күреске жұмылдыру арқылы мемлекетімізде сыбайластықтың адын алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты жаза түрлерінің катаяуы – осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың бір парасы. Жемқорлыққа барғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойына тыйым салынып, мұндай деректер туралы хабарлағандар заң жүзінде қорғалған. Сондықтан, ел болашағына бейжай қарамайтын әрбір азамат жемқорлық пен парақорлықтың жолын кесуді өзінен бастағаны абзал. Сонда ғана күтілген нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Е.БАҚЫТЖАН,
Біргіз аудандық сотының
төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



шығын сомасын, жол-көлік оқиғасы салдарынан қайтыс болған азаматтың көмелетке толмаған баласына 23 жасқа толғанға дейінгі төлемақы түрінде және моральдық зиян сомасын өндіріп беру жөнінде шешім шығарды.

Яғни, бірыңғай сот тәжірибесінің болмауына қарамастан, сот алқасы материалдарды мұқият зерттеп, талапкерлердің дәлелдемелерін ескере отырып, сот процесін аяқтауға және апат кезінде қайтыс болған жәбірленушінің анасы мен қызының мүдделерін қорғауға мүмкіндік берді.

Нұргүл ҚАНАТБАЕВА,
Батыс Қазақстан облыстық сотының
баспасөз қызметі

ҚҰРЫҚ

COVID-19

ТЕМІР ТОРҒА ТОҒЫТЫЛДЫ

Қапшағай қаласының жөлаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бұрынғы басшысы Мұрат Абауов сыбайлас жемқорлық жасау қылмысы бойынша сотталды.

Өткен жылдың қыркүйек айында Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі аталған бөлімнің бірнеше қызметкерін бюджет қаражатын ірі көлемде жымқырды деген күдікпен ұстаған еді. Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің хабарлауынша, жедел-тергеу іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері

барысында Мұрат Абауов «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Заречный ауылдық округінің (Заречный және Арна ауылдары) бес көшесінің жолын жөндеу жұмыстары бойынша «МАКС ДОРСТРОЙСЕРВИС-21» ЖШС мердігерлік ұйымымен шарт жасасқан. Сонан соң ол қызметтік лауазымын асыра пайдаланып, жеке бас мүддесін көздеу арқылы Арна ауылындағы Набережная көшесінің жолын жөндеу кезінде заңсыз жұмыстар көлемін ұсынып, «Кардопольцев С.» ЖК-мен арнайы техниканы жалға алу туралы (19 600 000 тг) жалған шарт жасасқан.

Тергеу әрекеттерінің нәтижесінде мемлекетке келтірілген 14 635 548,48

теңге сомасындағы шығын өтеліп, қазынаға қайтарылды.

Қапшағай қалалық сотының үкімімен Мұрат Абауов ҚР ҚК 361-бабы 1-бөлігі бойынша лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланғаны үшін кінәлі деп танылып, оған мемлекеттік қызметте, сот, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, ҚР Ұлттық банкінде және оның ведомстволарында, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау органдарында, мемлекеттік ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмыс істеуіне тыйым сала отырып, 1 жылға бас бостандығынан айырылды.


Акерке ЖҰМАҒАЗЫҚЫЗЫ

ІНДЕТ

СЫБАЙЛАСТЫҚ ҚОҒАМ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табанды жүргізіп келеді. Өзіміз үлгі етіп жүрген дамыған елдердің барлығы қоғамды сыбайластықтан аулақ ұстауға тырысып, халқын бір мақсатқа жұмылдыра білген. Сыбайластықты жеңу үшін әр мемлекет әртүрлі тәсіл қолданған. Мәселен, мемлекеттік қызметте заманауи жаңа технологиялардың енгізілуі көп нәрсенің оң шешімін табуына ықпалын тигізіп отыр. Бұл бастама біздің елімізде қазір кен қолданылуда. Айталық, бұрын мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтардың тікелей, бетпе-бет жұмыс істеуі жөн ұшынан жалғасуға алып келетін. Өздеріне пайда табу үшін кейбір қызметкерлер құжаттардың берілу уақытын әдейі созып, кезекті көбейтіп, азаматтарды таныс арқылы мәселе шешуге итермелейтін.

Мемлекеттік қызметтегі мұндай олқылық қарапайым халықтың билікке деген сенімін төмендеткенін де жасыр-



маймыз. Заманауи технология осындай кемшіліктерді келмеске кетірді. Бүгінде мемлекеттік қызметтің көпшілігі электрондық жүйе арқылы орындалады. Мұндай жағымды істерден сот саласы да шет қалған жоқ. Сот құрылымында да арыз-шағымды қабылдау, істерді судьяларға бөлу, сот процесіне қатысушыларға хабарлама жіберу секілді істердің бәрі заманауи технологияның көмегімен жеңілдеді. Енді азаматтар сотқа арыз-шағымын үйде, кеңседе отырып жолдап, оның қозғалысын бақылай алады.

Алға басқан қадамды кейін тартып, дамуға тежеу болатын сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

**Диана УРИНГАЛИЕВА,
Қазталов аудандық №2 сотының
бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «Енбекшильдерский райавтордор» ЖШС, БСН 990640004335, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады:ҚазақстанРеспубликасы, 020700, Ақмола облысы, Енбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Некрасов көшесі, 27.

6. «АТАВА TRAVEL/АТАБА ТРЕЙВЕЛ» авиатургенттігі» ЖШС, БСН 100140002298 (Атырау облысы, Атырау қаласы, 1 үй, кеңсе 55), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Георгий Канцев көшесі, 2. Тел.: 87025160353.

7. «Сүйеу Бақыт» ЖШС ұйымы, БСН 1804400041571 (Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Рабат ауылы, Жібек жолы көшесі, 73) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Рабат ауылы, Мақатаев көшесі, 6-үй. Тел. 87785544421.

8. «АЛАТАУ» ЖШС, БСН 991240001715, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар

осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады:050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өзербаев көшесі, 58. Тел.: 77272500790, моб. 87017377407.

9. «ISAR spring» ЖШС, БСН 200940022649 (ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Ақжар ықшам-ауданы, Ш.Айманов көшесі, 132А), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 2 ықшам аудан, 43-үй, 20-пәтер, тел.: 87053992214.

10. «Допты хоккейден Батыс Қазақстан облыстық ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі, БСН 060540014335, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Партизанская көшесі, 22 үй.

11. «Экспорт Люцерны ВКО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190340011885, өзінің таратылатындығы жөнінде хабарлайды. Өтініштер мен наразылықтар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай

бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Ұржар ауданы, Науалы а/о., Науалы ауылы, Наурыз көшесі, 12-ғимарат.

13. «САРТАУ» ауылдық тұтынушы кооперативі, БСН

100840006266, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Көкжыра ауылы. Тел.: 87784742815.

БАНКРОТТЫҚ

2. Алматы қаласының МАЭС-ның ұйғарымымен «ADF SERVICE» ЖШС-н банкрот деп тану туралы іс қозғалды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 78. ГОПС-46, тел.: 87778449920.

3. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «CIDER HOUSE» ЖШС, БСН 140340026705, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы 2021 жылдың 26 қаңтарында азаматтық іс қозғалды. Өтініш берушінің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 ықшам ауданы, 111-үй, ООО «Dostyk plaza», № 47 бөлме, пошталық индексі 050051.

ӨРТУРА

5. «Capital Stroy Comfort» ЖШС, БСН 120840000568, «Sinergy Smart» ЖШС-не, БИН 150440024833, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Темірбек Жүргенов көшесі, 18-үй, 28-пәтер.

12. «Нұр-Астық 2005» ЖШС, БСН: 041240003000, барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиыныстың өтетіндігін хабарлайды. Жалпы жиыныс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Егінді а/о, Егінді ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 23 үй. Жалпы жиыныстың өтетін уақыты: 4 наурыз 2021 жыл; сағат 14:00-де. КҮН ТӨРТЫНДІДЕ: - «Нұр-Астық 2005» ЖШС-ның директорын ауыстыру.

«GoldCapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Новоелова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ҚҰЛАҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 747 200 22 58, 87474282610 Райымбек.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zangreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престиж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.



Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

• • • • •

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27, 292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zangreklama@mail.ru
zangreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru

Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К. Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

Полицияға қаланың солтүстік бөлігіндегі тұрғын үйдің подъезінен кілемге оралған мүрде табылғандығы туралы хабар түсті. Қайтыс болған адамның осы үйдің ортаңғы қабатындағы пәтерде тұрғандығы және жеміс-жидек сататын дүкені бары белгілі болды. Мүрде оралған кілемді үшінші қабаттан бірінші қабатқа түсіргеніне қарағанда қылмыскер үйдің кіреберісіне камера орнатылмағанын білген. Ал мүрдені ұмыт қалған кілем секілді кіреберісте қалдырып кеткеніне қарағанда әрі қарай сүйрелеуге шамасы келмеген, немесе қылмыскерге подъезге кірген адамдар кедергі болған. Бұл жағы енді жұмбақ...

Кәсіпкердің пәтері таза, жинақы көрінеді. Шаң қонып үлгермеген еденге мұқият үңілген ол «Қылмыскер із қалдырмауға барын салған, еденді де жалтыратып тұрып жуып, тазалап кетіпті» деп ойлады. Реакция кезінде аммиак бөлінетіндіктен іздерді анықтауға арналған сарғыш кристалл затты шашқан соң бөлмеден шығып кету керек. Криминалист жігіттер екі квартал жүріп барып, маңдайшасындағы бір әрпі түсіп қалған кафеге кірді. Әдемі қоңыр көзі иілген қасына үйлесе біткен даяшы қызға тапсырыс беріп, әуелі тәшкен шәйін ішіп, біраз уақыттан соң алдыға келген тамақтарын жеп болғанша бір жарым сағаттай өтті. Бұлай асықпай отырғандары – ерте барғанмен реакция баяу жүретіндіктен қылмыс орнында жеткілікті дәлелдер бірден пайда болмайды.

Үш сағат өткенде барып пәтерге қайтып келіп асудің терезесіндегі сарғыш жалюзді түсіріп, жарықты өшірді. Көзге түртсе көргісіз қараңғы жерде бірдененің болар-болмас сырт еткен дыбысы шығып, атынша бөлме күлгін түске боялды. Ұзын бойлысы ультракүлгін шамды ұстап, ортада тұрған кезде люминолдың шашырай түскен жарығы бөлменің қал ортасына үйіріліп, ламинатқа жайылған, жан-жаққа шашыраған қан дақтарын көрсетті. Ал бастапқыда осы пәтерде кісі өлімі болды деген ой ешкімнің ойына келмес еді, қылмысты жасаған адам қан дақтарын барынша тазалап жуып шыкса да нингидрин қабырғадағы қан дақтарының да, едендегі іздердің де көп екенін көрсетті. Айқұш-ұйқыш іздердің қайсысы қылмыстық оқиғаға қатысты, қайсысын қарауылдар, полиция қызметкерлері мен жедел жәрдемдегілердің қалдырғанын анықтау өте қиын. Үрпек шаштысы суретке түсіріп, ұзын бойлысы бөлмелер мен жиһаздардың орналасу схемасын блокнотқа колмен сызып, екеуі үн-түнсіз жүріп алды. Бұлар шыққанда күн кешкіріп кеткен екен, екеуі бірден жұмысқа тартты. Қылмыс орнынан алынған іздердің фотосуретін тезірек өңдеп, сандық базаға көшіру де уақыт алатын шаруа.

Шевцовтың бірінші әйелімен ажырасқаннан кейінгі жылдары өзі құрған құрылыс фирмасының жұмысын жүргізем деумен өтіпті. Жобалар, сызбалар, келіссөздер... жұмыс деген де бір сиқыр, үнсіз жұтыла бересің, уақыттың қалай сырғығанын да байқамайсың. Соңғы кездері шаруасына көңілі тоғайып, бұрынғыдай емес бос уақыты да көбейіп, бас құрап үйленсем деген ой да жиірек төңіректейтін болған. Ол ойдың себепшісі Наташа... өзінен он бес жастай кіші келіншектің ай дидары мен сымбаты көрген жанның есін алып, ынтығын оятардай көркем-ақ.

Бірінің саусақтары екіншісінікін дәл тауып, дәл қазір, тап осы сәтте өздеріне ерік берілгенін түсінгендей, ақырын, бір нәзіктікпен аймаласа бастады. Осы кезде айтылуға тиіс сөздер де қараңғы жерде иесін таппай адасып қалғандай болып... одан қайтадан табылып, саусактар шатыспастан сезім пернелерін басып, өзінің сиқырлы ырғағын тауып жатты. Осынау бақыт бір мезетте екеуін бірдей жаулап, бастарын тұмшалап тұрып алғандай... әйтеуір, екеуі де өздері үшін есігін айқара ашқан ләззат қақпасынан шыққысы келмейді. Олар



осы сәтте ешкімнің басында қайталанбайтын ғажайып сезімнің тек өздерінің басында болып жатқанын ғана сезінген.

– Жақында шет елдердің біріне барамыз, – деді Шевцов жұмысқа жиналып жатқан күйі сүйіктісінің аққу мойнынан құшып тұрып.

– Қайда баратынымызды өзің шеш. Дубайға ма, әлдебір аралдарға ма... Бал айын сол жақта өткіземіз.

Көлігі келіп, жұмысқа бара жатқанда да Шевцов есіне бірдене түскендей жиымиып қойды. Адам махаббатсыз өмір сүре алмайтыны рас-ау деп ойлады бір сәт. Оның жүзінде өмірге ризашылық бар еді. Адам ағысы тоқтаусыз осы қала да, жол үстіндегі ию-кию тірлік те, магнитолладан төгілген әуен де оған соншалықты жақын, көңіліндегі күймен үйлесім тапқандай.

Абай даңғылы мен Мұқанов көшесінің қиылысына тоқтағанда әлдене тарс еткендей болды. Бұлар мінген джиптің артқы бамперіне күміс түсті «Субару» келіп түйіскен екен. Виктор Шевцов не болғанын көрмек болған кезде «Субару-дан» аса қағылез қалыпта секіріп түскен екі жігіт есін жидырмай, өздерінің ебедейсіздіктері үшін бұдан кешірім сұрай бастады.

– Жігіттер, сабыр, өзіміз жаймен шешейік, тек жол полициясын шақырту-дың қажеті жоқ, – деді тұрпаты ерекше ірі жаралған қаба сақал, жалынған түрмен, – кінә бізден, қателігімізді жөндейміз. Тек шығынның қанша болатынын айтсаңыздар болды.

– Олай болса, біздің кеңсеге барайық, – деді Шевцов келіскен түрмен. – Бәрін сол жерде есептейміз.

– Түсінгеніңізге рақмет, бауырым. Біз бәрін толығымен төлейміз.

Кәсіпкер салонға екі қарулы жігіт баса-көктеп кіріп, отырып алған кезде де ештеңе ойлаған жоқ еді. Олар сол бойда көз ілеспес шапшаңдықпен ыл-дым-жылдым қимылдап, Шевцовты шопырымен бірге қалың таспамен байлап тастады.

– Жігіттер, бұларын не? Бұлай болмайды! Босатындар! – деп ышқынған Шевцовтың аузына көліктің айна-сын сүртетін лас шүберекті тыға салды. Желкесі күжірейіп жайғасқан Қара дәу рульді Бутаковқа шатқалына қарай бұрды, жолдан тік жағалы, ұзын сұр пальто киген, қара көзілдірікті еркекті мінгізді. Оны қасындағылар бұрын қалалық сотта әлдебір елеусіздеу қызмет істегендігіне байланысты Адвокат деп атап кеткен. Оның өзіне де осы қосалқы аты ұнайтыны байқалып тұратын.

– Сен бізге төрт «лимон» бакс тауып бересің, – деді ол Шевцовтың аузындағы лас шүберекті алып тастап, оның көзіне тіке қарап.

– Және ондай ақша жоқ деп аузыңды ку шөппен сүртуші болма. Мен сен туралы бәрін білемін, компанияңның бүкіл табысын, қайда тұратыңдызы,

бірінші әйеліңде қалған қызың қай мектепте оқитынын, сабақтан қай уақытта шығатынын, тіпті жақында тағы да үйленбекші екенінді, ол әйелдің жас әрі сұлу екенін де білеміз.

– Жігіттер, мен барын берейін, тек кішкентай қызыма тиімдерші, – деді Шевцов.

– Бары дегенің қанша өзі? Анықтап айтсаңшы.

– Төрт миллион доллар жоқ менде, шын сөзім, менің фирмам сонша үлкен емес қой, бары екі миллиондай болып қалар.

– Бары сол-ақ па?

– Сол...

– Ақымақ болмасаңшы, Витя. Мен сенің өзіңді де жоқ қылып, жалғыз қызыңды да, жас әрі әдемі қалыңдығыңды да өлтіріп тастай аламын, оған түгім кетпейді. Ақша деген де қызмет секілді, қолдың кірі, бірде мол құйылып, бір қарасан су боп ағып кетеді, одан да үшінші класта оқитын қызыңды ойласаңшы, әкесі үшін баласының жапа шеккені қайдан дұрыс болсын, көгершінім, – деген ол Шевцовтың телефонын алдына тосты.

Әкесінен ақша ала алмаған қарақшылардың жалғыз қызына зәбір көрсетуі әбден мүмкін. Ұрлағаны ештеңе емес, бүлдіршіндей қызыңды қорласа қайтпек? Осыдан кейін дегбірі қашқан кәсіпкердің өзі басқаратын компанияның бас есепшісіне телефон шалмасқа амалы қалмады.

– Татьяна Ивановна, мен компанияға үлкен жер аумағын сатып алуды ұйғардым. Ол үшін екі миллион доллар сома керек, тезірек сату-сатып алу келісім-шартын жасағанымыз жөн, – деді ол телефонмен сөйлескен кезде.

Кепілге алынған кәсіпкер кешкісін есепшісіне қайта қоңырау шалды. «Э.Г.» фирмасының бас есепшісі оған бір млн. сегіз жүз мың доллар жиналғанын хабарлады.

– Анатолий Ярославов деген жігіт барады, ақшаны сол алып кетеді, мұқият санап беріңіз, – деп тапсырма берді Шевцов. – Сіз мені түсіндіңіз бе, Татьяна Ивановна, ешқандай түбіртек алмайсыз, қаржыға қатысты ешқандай құжаттар жасаудың да қажеті жоқ.

Осы фирмада жұмыс істегелі мұндай бұйрықты естімеген бас есепшінің таңғалысында шек жоқ еді, бірақ, бастық айтқасын не амал...

Орман шетінде жол талғамайтын көліктің өртеніп кеткені туралы хабар кешірек түсті. Патрульдік полиция келіп жеткенде көліктің түгі қалмаған еді. Сот-медициналық сараптама қорытындысы өртеніп кеткен көлікте екі адамның болғанын анықтады. Көліктің айналасында Макаров тапаншасынан атылған патрондар жатыр еді. Қап-қара болып күйіп кетсе де сандары анық көрінетін мемлекеттік нөмірді базадан тексерген кезде өртенген көліктің Алматыдағы

құрылыс компаниясына тіркелгені белгілі болды. Ал «Э.Г.» фирмасына тиесілі көлік ішіндегі өртеніп кеткен екі адам кім?

Ертеңінде компания басшысы мен оның жүргізушісінің жұмысқа да, үйлеріне де бармағаны, телефондарының байланыста жоқ екендігі мәлім болды. Адам сүйектерінің қалдығы елдегі жалғыз геномдық зертханаға жіберіліп, туыстарынан ДНК материалы алынған соң сарапшылар ол қалдықтардың фирма басшысы мен оның шопырына тиесілі екенін анықтады.

Тергеушінің кабинетіндегі телефон шылдырлады.

– Бір ай бұрын қаланың солтүстік бөлігіндегі үйдің подъезінен табылған адамды Макаров тапаншасымен атып өлтіргені есіңізде ме?..

– Ал?...

– Джипте өртенген екі адамды да дәл сол Макаров тапаншасымен атып өлтіріпті.

– Бір қандай жаңалығыңыз бар?

– Оқиға бойынша кісі өлтіру және көлікті қасақана өртеу нұсқасы басқа сараптамамен де расталды, белгісіз адамдар автокөлікті бензин шашып өртеген, – деді ар жақтағы дауыс.

Полиция курьер Анатолий Ярославовты басты күдікті деп санады. 23 жасар жігіттің жеке басы мен тұрғылықты жерін анықтау қиын болмағанымен, оның өзін табу қиынға соқты. Бір айдан соң барып Алматы қаласының маңындағы жолдың оныншы шақырымындағы Жандосов кентінен жас жігіттің мәйіті табылды. Компания қызметкерлері ақшаны алуға келген, өзін Анатолий Ярославов деп таныстырған сыпайы, сымбатты да салмақты көрінетін ыз-диган курьерді бірден таныды.

Мәйіт жана болса, саусак ізін алу оңай болады. Егер дене ұзақ уақыт жатып қалса, саусактар құрғап, терісі біркелкі жатпайды. Жандосов кентінен табылған мүрдеге дактилоскопия жасау мамандарға оңайға түспеді. Алдымен теріні түзету үшін саусактың ұшына арнайы гель жақты, саусактар жұмылып жұдырық болып түйіліп қалғандықтан тергеушінің рұқсатымен саусактың ішкі жағынан аздап тілік жүргізген кезде бұлшық ет жазылып, дактилокарта алынды, осылай марқұмның саусак ізін суретке түсірді. Саусактың фалангасы арнайы бояумен боялып, дактилокартамен бірге арнайы қорапқа мұқият салынды (дәлелдерді полиэтилен пакеттерге салуға болмайды, полиэтилен істердік «өлтіреді»). Шыбын зыңың естілердей тыныштық орнаған ыртханада жұмысқа берілген маман қолына саусак іздерін зерттеуге арналған жабысқақ таспа, ұлғайтқыш әйнек пен «ине» алып, саусак сызықтарын дұрыс есептеп, оларды болжамды қылмыскердің немесе жәбірленушінің қолындағы өрнекпен салыстыра бастады. Оның кеудесіне екі, басына бір оқ тиген екен.

Баллистикалық сараптама қорытындысы подъезден табылған жеміс-жидек дүкенінің иесін де, құрылыс компаниясының иесі мен оның жүргізушісін де, курьер Ярославовты атқан оқтардың да бір тапаншадан атылғанын анықтағаннан кейін төрт адамның өлімі бір тізбекте екенін түсінген полиция өртенген құрбандардың ұялы телефондарына түскен қоңырауларды тексере бастады. Екі нөмірге тек бір нөмірден бірнеше рет қоңырау шалынған және тексере келгенде ол нөмір Адвокатқа тиесілі болып шықты. Алайда, бұл адамды ұстау үшін жеткіліксіз еді. Енді тергеушілер күдіктінің туыстарын, достарын тергей бастады. Осылайша Адвокаттың ежелгі досы 34 жастағы Палаттың ізіне түсті. Бұрынғы спортшы, ертеректе қылмыс жасап темір тордың дәмін татқан Палач Адвокатпен жиі кездесетін болған. Бірақ, полицияның Палатты іздеуі нәтиже бермеді, ол кәсіпкерді жүргізушісімен және курьерді өлтіргеннен кейін ата-анасын, әйелі мен балаларын тастап із-түзсіз жоғалып кеткен.

Тек он ай өткенде барып Палач тауда жасырынған жерінен ұсталды. Өзінің қашып-пысып күнелткен тағы тірлігінен өзі де қажыса керек, әлде жүйкесі шаршаған ба, Қара дәу деген атынан белгі қалмай әбден азып-тозып, арыған Палач полицияға қарсылық көрсетпеді.

Палаттың айтқандарын негізге ала отырып, Адвокаттың үйіне тінту жүргізген кезде оның үстел тартпасынан Шевцовтың ұялы телефонының нөмірі жазылған қағаз бен джип өртенген жердің сызбасы табылды. Полиция үшін бұл айтарлықтай олжа-дерек болатын. Тікүшәкпен көтеріліп, көлік өртенген жерді суретке түсірген кезде сол аумақтың Адвокат қағазға түсірген сызбамен сәйкес екендігі анықталды. Адвокат сонда да бетбақтырмады, кәсіпкерді, оның жүргізушісін және курьерді өлтіруге өзінің қатысы барын жоққа шығарумен болды. Оның үстіне оның тартпасынан табылған Макаров тапаншасына баллистикалық тексеру жүргізгенде қарудың төрт адамды өлтіруге еш қатысы жоқ болып шықты.

Әдетте «нашар» полицей бірнеше сағаттап жауап алып, «өз клиентінің» жүйкесіне тиеді. Осы жолы да тергеушінің кабинетінде жарығы өткір үстел шамы жанып тұрды. Бірнеше сағаттан соң Адвокаттың көзінің түбі суырып, ауыра бастады. Шам кездейсоқ жанбайтынын, бұл күдіктіге жайсыздық тудыру үшін қажет екенін ол білетін. Күдікті қылмысын мойындай қоймағасын тергеушілердің ежелден ақаусыз жұмыс істейтін ескі психологиялық тәсілі қолданылып, «нашар» тергеуші «жақсы» тергеушімен ауыстырылды.

– Бүгінгі ауа райы сізге қалай әсер етті, күз жылы болып тұр, тіпті әсем Алматының көшелерін бойлап жүре бергін келеді, – деген «жақсы» тергеуші жайдары қалыппен әңгімеге тартты.

– Сіздің пиджағыңыз соңғы үлгідегі ме, қазір ер адамдар осындай киетін болған ба? – деді тағы. Адвокат кейбір сұраққа жауап берсе де іштей сақтанып отырды. «Бейтарап» әңгіме кезінде ойланбай жауап беруге болатын күтпеген сұрақтар қойылуы мүмкін. (Көбіне мейірімді және жұмсақ адамға мұң шағуға деген табиғи ымытылыс болатыны бар. Бірақ, күдіктінің ештеп болса да ішін ашқаны кейін оның өзіне қарсы қолданылады).

– Тінту кезінде пәтеріңізден 94 мың доллар және 300 мың теңге табылды. Мұндай көп ақша қайдан келген?

– Өз ақшам.

– Соншама ақшаның бәрі өзіңіздікі ме?

Неге үйде сақтағанысыз, қорықпайсыз ба?

– Кімнен қорқам?

– Мысалы, ұры-қарылар бар, ақша үшін кісі қанын мойнына жүктеуден тайынбайтын қарақшылар бар...

Адвокат мырс етті.

– Мен ешкімнен қорықпаймын.

Жадыра ШАМУРАТОВА

(Жалғасы келесі санда)

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Қуаныш Серікжанов 8 707 889 01 33. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Жамбыл облысы	Жазира Әбіл
Маңғыстау облысы	8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мажақан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Ерсултан Әмірбек 8 775 820 36 92. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамедиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана

Тапсырыс №15 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Қ куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б». «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31